

Ата - анамен жұмыс.

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы»

Мақсаты: Ата - аналардың өзара қарым - қатынасын жақсарту. Балабақша өмірімен таныстыру, тәрбиешімен дұрыс қарым - қатынаста болу.

Психологиялық кеңес, ағарту жұмыстарын жүргізу.

Көрнекілігі: Музыка жазылған ұнтаспа, қағаз - қаламдар, ағаш, алмалар, шарлар, себет

Шаттық шеңбері:

Ата - аналарды қолымыздан ұстап, шаттық шеңберіне тұрғызу. Мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане, бәріміз бір - біріміздің қолымыздан ұстап шеңбер құрайық. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар. Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек.

Шеңберге тұрып, бір - бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге үйренеміз. Міне, сондықтан бұл шеңберді жылулық, шаттық шеңбері деп атаймыз. Енді бәріміз жақсылық тілеп, шаттана қуанып, күлкімізді сыйлайық.

Танысу: Әр ата - ана өзін таныстыру керек, өзінің атына екі - үш сын есімін қосып таныстыру. Мысалы: Айдай сұлу - Айсұлу.

Тренинг:

Енді ата - аналар, «Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры ма, әлде діңі ме, әлде жапырағы ма? Әркім өз қалауы бойынша тамыр, жапырақ, діңі болып бөлінеді.

Ал енді ата - аналар тамырлар бір бөлек, жапырақтар бір бөлек, діндер бір бөлек отыруымыз керек. Сіздер не үшін тамыр тобын таңдадыңыздар, сіздер не үшін жапырақ таңдадыңыздар, сіздер не үшін діңін таңдадыңыздар соны тобыңызбен келісе отырып бір келісімге келіп, топтан бір адам шығып қорғайсыздар. (әр топтың сөзі тыңдалып, қошеметпен шапалақ ұрылып отырады).

Сіздердің бұл таңдауларыңыз кездейсоқтық емес, психологиялық сәйкестік.

Тамыр таңдағандар істің нәтижесіне мән беретін адамдар. Діңгекті таңдағандар берік, мықты біреуге тірек бола алатын адамдар. Жапырақ таңдағандар сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты қалайтындар. Енді ата -

аналар мына үлкен қағазға «тамыр тобы»- тамырды, «діңгек тобы»- дінгекті, «жапырақ тобы»- жапырақты саламыз.

(Музыкалық сүйемел, қалам - қағаздар)

Ұстаздарыңызға деген талап - тілектеріңізді «тамыр тобы»- тамырға, «діңгек тобы» - дінгекке, «жапырақ тобы» - жапыраққа жазыңыздар.

Осы ағаштың тамыры – ата - ана, дінгегі - тәрбиеші, жапырағы – балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, дінгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз жемісін береді.

Енді мына себеттен алмаларды алып, өз балаларыңызға тілек жазып, ағаштың жемісін іліп, балаларыңыздың қызығын көрейік.

(музыкалық сүйемелдеу, тілек жазу)

Ойын: «Қай жұп күшті?»

Қазір әркім өзіне серік таңдайды, шарды алып, көңілді музыкаға билеп, шарды жарады. Шардың ішінен жақсы тілектер алып шығып, қалған ойыншыларға дауыстап оқып беру. Әр жұп кезектесіп белгіленген уақыттан белгіленген жерге дейін шарды бір - бірін құшақтап шарды жарады.

Ойын: «Кім екенін тап»

Әрбір адам өзінің аты - жөнін көрсетпей, өз - өзіне психологиялық мінездеме жазады. Өзінің ұнамсыз қасиеттерін жазуы керек. Бұл мінездеме жазылған беттерді жетекші жинап, араластырады да, арасынан біреуін алып, дауыстап оқиды. Топ мүшелері мінездеменің иесін табу керек.

«Тілек гүлі» (қорытындылау)

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата - ана мен балабақша арасындағы қарым - қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан - жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя - жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір - бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

Ата - аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!.

Балаларға қандай ойыншықтар қажет?

Баланың бай эмоционалды әлемі ойыншықтарсыз дамуы мүмкін емес. Олар баланың өз сезімін білдіруге, қоршаған ортаны зерттеуге, өзін тануға және қатынас жасауға мүмкіндік береді. Ойыншықтардың міндетті түрде қымбат және бай қуыршақ, машина болуы қажет емес. Кейбіреуде анасынан қалған қонжық, перделерден тігілген киімдері көп қуыршақ болуы мүмкін. Көптеген сансыз ойыншықтар ішінен тек қана бала өзіне қажеттісін таңдап ала алады. Бұл таңдау үлкендердің достар мен сүйіктілерін таңдау сияқты, ішкі эмоция қозғаушыларымен шарттасады.

Әр баланың сырласатын, ұрсатын, жаза қолданатын, аяп, аймалайтын ойыншығы болуы керек. Ондай ойыншық ата-ана бір жерге кеткенде, жарық сөніп ұйықтау кезіндегі қараңғыдан қорқу сияқты жалғыздық қорқынышын ойыншық – досы жеңуге көмектеседі. Кейде ол ойыншықтарға ызаланады, жазалайды, сындырып көрінбейтін бұрыштарға тығып тастайды, бірақ ренжіген кездерінде естеріне алып, жөндейді, өшіріліп қалған көзін, ернен қайтадан жаңартады, жаңа киімдер, құлағын, құйрығын тігеді.

Ал робот – трансформерге, «Денди» ойыншығына бала қатынасы соншалықты болады деуге сену қиын. Кішкентай ұлдар мен қыздар жандарына жақын Барби, қонжық, мысық, қоянды өздеріне дос ретінде қабылдайды, өйткені олар адамдарға жақын және түсінікті.

Дегенмен, баланың таным, ойлау қабілеті, өрісі дамуы үшін, үлкендерге еліктеу, ертегі оқиғаларын қайталау үшін өзіндік ойыншықтар жиынтығы болуы керек.

Өмірге байланысты ойыншықтар.

Қуыршақтар отбасы (жануарлар отбасы болуыда мүмкін), қуыршақ үйі, ыдыс-аяқ, жиһаз, машиналар, қайық, касса, таразы, медициналық және шаштарас құралдары, сағат, кір жуу машинасы, шторлар, теледидар, бор және тақта, есеп, музыкалық құралдар, темір жолдар, телефон және т.б.

Ашуды шығаруға көмектесетін ойыншықтар. Солдаттар, қарулар, доптар, үрленетін ойыншықтар, секіртпелер, кегли, сонымен қатар лақтыратын дротиктер және т.б.

Шығармашылық қиялды және өзін танытуды дамыту ойыншықтары.

Текше, матрешка, пирамида, конструкторлар, әліпбилер, үстел ойындары, кеспе суреттер мен откыртқалар, бояулар, пластилиндер, мозайка, қол еңбегі жинағы, жіптер, мата қиындылары, желім, аппликация қағаздары және т.б.

Ойыншық сатып аларда мына тәртіпті қолданыңыз: ойыншықтарды жинау емес, таңдау керек.

Үлкендердің елестетуіндегі ойыншықтар балалар пікірі бойынша ештеңеге жарамсыз. Автоматты және жартылай автоматты жиналған эмоционалдық талабын қанағаттандырмайды. Балаға мінезге тән өңдейтін, жөңдейтін ойыншықтар қажет. Ол үшін автоматты ойыншықтар жарамсыз.

«Өмір бойы ойыншық ойнау мүмкін емес» дейтін нақыл бар. Бұл шындық, бірақ үлкендер де кейде күлкілі сувенирлер сыйға алғанда да мәз болатынына келісетін шығарсыздар. Өз балаларыңызға тек қана туған күдерінде және жаңа жылда ғана емес, сонымен қатар жақсы көңіл күйде болғанда да шаттық сыйлаңыздар!

Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық дамуындағы тәжірибелік - зерттеу әрекеттің мәні.

Автор: Мерей - № 29 балабақша

07-06-2012 14:53



Мектепке дейінгі жеке дара тұлғаның дамуына көбінесе табиғат пен адам арасындағы байланыс әсер етеді. Қоршаған ортамен байланыс тәжірибе жағынан баланы дүние танымын тұрғызып, қалыптастырады ең маңыздысы – тәжірибе жасауда және ізденушілікте.

Баланың қоршаған ортасы – өте таңғажайып, қызық, балалық шақтың көрмеген әлемі, мұнда барлығы алғашқы рет болады: баланың алғашқы қадамы, алғаш айтқан сөзі, өзінің есімін білуі, алғашқы достарын табуы. Бала судың ылғалды екенін, қардың суық екенін, оттың кез – келген затты жаға алатынын тағы басқаны біледі. Бұл шақта балалар мыңдаған сұрақ қояды, сондықтан бұл кезді «Сұрамшақ» кезі деп атайды. Әрине баланың сұрақтарына тез жауап беруге болады, бірақ оған өзінің жауап табуына, ізденуіне мүмкіндік берген жөн. Олар өздері ойланып, ойы арқылы қоршаған ортаны және оның заңдарын біледі.

Тәжірибелік – зерттеу әрекетті ұйымдастыру барысында келесі міндеттер шешіледі:

1. Байланыс жүйесіндегі көп түрлілікті көру қабілетін қалыптастыру.
2. Баланың ойлау, құрастыру және бейнелеу қызметтерін қосу.
3. Көрнекілікті көбейту (рәміздер мен шартты орынбасарлар).

4. Ізденушілік қызметін, таным қызметін кеңейту, баланың ойын қолдау, тырысу, өзін – өзі сөгу, өз бетімен болуды қолдау. Қойылған міндеттерге жету үшін ата – ана мен мұғалімдердің тығыз байланыста болғаны керек.

Тәжірибелік – зерттеу әрекетті келесі батыттар бойынша бөлінеді:

1. Тірі табиғат: жыл мезгілдерінің сипаты, түрі, ағзаның және олардың қоршаған ортадағы тіршілігі.

2. Өлі табиғат (ауа, су, жер, магнит, дыбыс, жарық).

3. Адам: ағзаның қызметі, қолдан жасалған әлем, материалдар мен олардың қасиеттері.

4. Заттардың басқа бейнеге бейнеленуі. Бұл тәжірибелік - экспериментке ешқандай күш, арнайы жабдық керексіз, шығынсыз тәжірибені алуға болады. Барлық керек нәрсе қол астында: су, құм, пластикалық стақан, йогурт пен қаймақтың ыдысы, жіп, қағаз, фломастер, қарындаш, өлшемдік қасық, тағы басқа лактырылатын заттарды алуға болады.

Үлкендердің бұл тәжірибедегі орны қандай? Ең аз мөлшерде. Түгел қауіпсіз нәрсені бала өзі орындайды, стақанға су құю, мұзға тұз шашу тағы басқа. Бала өзі істей алады. Үлкендер эксперименттік тәжірибені ұйымдастыруы ғана керек: қызықтыру, ұсыну, керек материалмен қамтамасыздандыру, егерде бала өзі орындауға қиналса, тәжірибені түсіндіру. Ең тиімдісі, тәжірибенің түсінігін және қорытындысын бала дербес немесе үлкеннің бағыттаушы сұрақтарымен өзі тапты.

Қорыта келіп, ежелгі қытай мақал – мәтелін еске алғым келеді: « Айт – ал мен ұмытамын, көрсет – мен есте сақтаймын, істеуге мүмкіншілік бер – мен түсінемін».

Тек іс - әрекет арқылы бала қоршаған ортаның түрлілігің танып, оның ішінде өзінің орнын табады.



Ата-аналарға арналған кеңес

1. Достарыңыздың балалары үнемі компьютер алдына отырады деп, өз балаңызды компьютерге отырғызуға болмайды. Шешімді бала өзі қабылдағаны дұрыс. Бәлкім таңдауы дұрысырақ, қажетірек болар.
2. Бала компьютермен жаңа таныса бастаған кезде, іс-қимылына көңіл аударыңыз. Баланың жаңа қызығушылығына үнемі көңіл бөлу керек. Баланың компьютермен жұмыс жасаған барысындағы қиындықтарды шешуге көмектеседі.
3. Баланың компьютермен қатынасының бірінші күнінен бастап белсенді функционалды дайындығына кірісіңіз.
4. Бала тапсырмаларды қызықты ойын ретінде қабылдап, орындағанын қадағалаңыз және бұл ойында өзіңіз оның құрбысындай қызығушылық танытыңыз. Тек осы жолмен сіз жақсы шешім ала аласыз.
5. Кейбір жаттығуларды жолда немесе серуендегенде талқылауға болады. Баланың есте сақтау қабілетіне, компьютерде жұмыс жасау дағдыларына, қимылдарына көңіл аударып, көмектесіңіз.

6. Балаға арналған барлық жаттығуларды бірден беру қажет емес. Барлық жаттығулардың баланың деңгейіне сай екенін қадағалаңыз.

7. Біздің беретін ойын, жаттығуларымызға ұқсас өз ойын, жаттығуларыңызды ойластырыңыз. Бұл баланың қызығушылығын оятады. Баламен бірге жаңа ойындар құрастырыңыз, бәлкім, оған өзінің құрған ойыны ұнар.

8. Баланың қолынан бір көргеннен барлық жаттығулар келе бермейді. Баланың қолынан келмей жатса, ұрыспай, керісінше, неге солай болғанын сұрап, кішкентай оқушының рухын көтеріңіз.

9. Баланың орындаған жаттығуларының нәтижесін, оның не істей алатынын, қай жерде қиындықтар туғанын жазатын дәптер бастаңыз. Баланың жеңістері, оның қандай белестерді бағындырғанын, нені үйренгені туралы көбірек әңгімелесіңіз.

10. Баланы тездетпеңіз, оны басқа балалармен салыстырмаңыз! Ағзаның әр жұмысқа деген дайындығы өз келген уақытында ғана қалыптасады, міне компьютерде жұмыс жасау да соған байланысты. Балаңызды түсініп, қолдауға үйреніңіз.



«Саусақтармен ойнаймыз – тілді дамытамыз».

Балалардың психикасы мен бас миының іс-әрекетін зерттеген кезде ғалымдар оларға қол функцияларының үлкен ықпал тигізетінін атап өтеді. Қоғамның пікірі қалыптасқандай, адамның қолы бас миынан «шығу жері» болып табылады. Көптеген ғылыми зерттеулер баланың ұсақ қозғалтқышын (саусақтық жаттығу) дамыту кезінде тілдің тез дамуын, ой-өрісін, келешекте хаттың қалыптасқанын көрсетеді. Демек, ұсақ қозғалтқышты дамыту бойынша жұмыс жиі түрде өткізілу қажет. Сонда ғана үлкен нәтижеге қол жеткізуге болады.

3-4 жастағы балаларға саусақтармен ойнау қызығушылықты туғызады (әсіресе егер олар әкесі мен шешесімен ойнаса). Баланың шаршауын алдын алу және қызығушылығын әрі қарай бекіту мақсатында міндетті түрде жеке тіл табысуды қолдаңыз және сабақтың ұзақтығы 15 минуттен аспауын бақылаңыз. Балаңызды «сіздің» ойыңызды ойнауына мәжбүрлеменіз. Сол ойынды қолдана отырып баланы қызықтыру қажет.

Алғашында үстелге немесе басқа затқа сүйеніп саусақ гимнастикасын жасау ұсынылады. Одан сон айқастырып кеуде бойында.

Саусақтық ойындарды ең қарапайым жаттығулардан бастау қажет, яғни: «Сорпаны тұздайық» (саусақтың ұштарымен қимылдатамыз); «Құстар» (құстар-саусақтар «тұмсығымен шұқиды», мысалы, берілген дыбыс бойынша сөздер); «Тұмсықтарды тазалайық» (балалар үлкен саусақпен жан жағынан бас бармақтың әр саусағын «тазалайды»).

Кейін қиын ойындарға өтуге болады. Саусақтық ойындарды сөздік сүйемелдеу ретінде аз фольклорлық пішіндер саналады (шағын тақпақтар, санауыштар). Сөз сөйлеу ырғағы, әсіресе тақпақтар ырғағы қозғалтқыштың үйлесуін жақсартады, содан басқа, тақпақ арқылы дем алудың дұрыс ритмі қалыптасады, есту-сөйлеу қабілеті дамиды.

«Саусақтармен ойын» ойынын өткізу принципін түсіну үшін сізге ойнауға ұсынамыз:

Қоян өмір сүріпті

Алақандарын соғады

Ұзын құлақ

Үш саусақты жұдырыққа, сілтеуіш және ортаңғы – құлақтар

Қоян тонып қалды

Екі қолдың саусақтарын қысады және босатады

Қолдары баста

Алақандарын бір-біріне үйкелейді

Мұрны тонып қалды

Екі қолдың саусақтарын қысады және босатады

Құйрығы тонып қалды

Құйымшақты сипайды

Жылынуға кетті

Алақандарын бір-біріне үйкелейді

Балалардың үйіне

Екі қолдың саусақтарын қысады және босатады

Сол жақта жылы және тиыш

Алақандарын соғады

Қасқыр жоқ

Іштерін алақанмен сипайды

Және түскі тамаққа сәбіз береді

Жүргізуші қолы сағат тілімен

Сонымен қатар «Сорока белобока», «Ладушки», «Этот пальчик Бабушка.....» сияқты тақпақтар барлықтарыңызға мәлім, бірақ тақпақтардың көптеген және басқа қызықты мәтіндері бар, яғни ол тақпақтар саусақ жаттығулары үшін негіз бола алады. Сіздің балаңыз «саусақ жаттығуларының» қарапайым нұсқаларын орындауды үйренгеннен кейін ғана саусақтармен ойнаудың қиын түріне өте алады.

Тағы да атап айту қажет, баламен осы жаттығуларды жиі өткізген жағдайда, сіз нәтижеге қол жеткізесіз, яғни сіздің балаңызда ұсақ қозғалтқышын, сөз сөйлеуін, жадысын, ынтасын, көз және есту қабілетін дамытасыз.



Балаларға қандай ойыншықтар керек?

Сәбидің дүниетанымының бай дамуына ойыншық әсер етеді. Ойыншықтар арқылы бала өз сезімін білдіріп, қоршаған ортаны зерттейді. Ойыншық таңдау баланың ең маңызды ісі болып есептеледі. Тек баланың өз еркіне, таңдауына байланысты, көп ойыншықтың арасынан өзіне тән ойыншық табылады.

Әр баланың ойыншығы болуы тиіс. Бала ойыншығын ұрсып, жұбатады.

Ойыншық арқылы бала жалғыздықтан арылады. Ата- аналары бір жаққа кеткенде жалғыз қалған бала қараңғыдан қорықпау үшін ойыншығын құшағына алып, қорқыныш сезімін сеілтеді. Жатарда жарық сөнгенде де дос ойыншығы баланың құшағынан табылады. Кейде бала ашуын ойыншығынан алып, қолын жұлып, бұрышқа қойын қояды. Ашуы басылғаннан кейін ойыншыған қолына алып, жұлып тастаған қалың орнына тігіп қояды.

Баланың ойыншығына қарап, оның не ойлап, не сезініп жүргенін анықтауға болады.

Шынайы өмірден алынған ойыншықтар.

Қуыршақтар отбасы (жанаурлардың отбасы) қуыршақтың үйі, жиһаз, ыдыс, көлік, қайық, таразы, дәрігер мен шаштараздың құралдары, сағат, темір жол, телефон т.б.

Ашуын сыртқа шығаруға көмектесетін ойыншықтар.

Сарбаздар, мылтық, доп, жастық т.б.

Сонымен қатар шығармашылық қиялы мен өзін ашуға көмектесетін ойыншықтар бар. Олар конструктор, әліпби, үстел ойындарды, қиылған суреттер, бояу, мозаика, жіп, мата кескендері, желім т.б.

Ойыншықты сатып аларда міндетті түрде баланың көзқарасын есепке алу керек. Автомат немесе жартылай автомат ойыншықтар жарамайды. Балаға керек ойыншықтар, олардың жан дүниесін аша алуы тиіс болу керек.

1-2 жастағы балаларға арналған ойыншықтар. Олар пластмассалық пирамидалар. Осы ойыншық арқылы балалар ойлау қабілетің дамытады.

3-4 жастағы балалардың ойыншықтарды әр- түрлі болып келеді. Олар конструкторды жинайды. Бұл жастығы балалар шын өмірден алынған сюжеттерді ойнайды. Мысалы: әке –ана, қыз–ана т.б.

5-6 жастағы ойын орындарынан төсек орындары мен шкафтарға аусады. Бұл жастағы балаларды ойлау, қиялдау қабілеті жақсы дамиды. Өз қолдарымен жасаған ойыншықтарды сүйеді. Бала өзін мектепке дайындайды.

Есте сақтыңыз, ойыншықты ауыстыру қажет, себебі бір ойыншықтан бала жалығуы мүмкін. Ескі ойыншықты алып тастап, уақыт өткеннен кейін қайта шығарсаңыз, баланың қызығушылығы қайта ояндды.



Баланың тілі қалай дамиды

Тіл – адамдардың әлеуметтік қатынастың ең маңызды факторы, ол адамдардың өміріндегі барлық әсер етулерді біріктіретін элементті болып табылады.

Ойлау мен тілдің қарым-қатынасы ерекше ілтипат талап етеді. Тіл – ойдың тікелей шындығы.

Бала өз анализаторлары арқылы айнала әлемнің заттық ортасын өзінің ең алғаш негізгі ұсыныстарын бақыраштайды. Сөз сенсор жолымен табылған ұсыныстарды бекітеді. Баланың лингвистикалық дамытуы сенсорлықпен тығыз байланыста.

Бала үшін, бірінші санасына түсетін оның қоршаған әлемінен нақты қабылдауы сыртқы сезімдердің органы арқылы болып табылады.

Бала әлі сөзді заттан айыра алмайды. Сөз заттың таңбаланушымен ол үшін дәл келеді.

Тіл көрнекі, әсерлі жолымен дамиды. Сөз және зат адамның ақылына бір уақытта ұсынуы керек, дегенмен бірінші орында - зат бұл таным және тіл (бұл туралы Коменский айтты).

Нақты әлемсіз тіл дами алмайды, баланың жалпы дамуында дәнеңе теріс осылай шағылыспайтынын білеміз.

Баланың тілі дамыған үшін, балалардың айналасында өздері көре алатын, салыстыратын, ойын және еңбекте үйренетін заттар болу керек, бақылау нәтижелерін сөзде қамтып көрсету керек.

Заттардың дұрыс қабылдауы баланың бас зерделі жұмысы болып табылады. Сенсорлық және сөйлеу дамуы тар бірлікте болады және сөздер дамыту бойынша жұмысты сезім мүшелерінің дамытуы жұмыстан бөлуге болмайды.

Заттардың дұрыс қабылдауы баланың бас зерделі жұмысы болып табылады. Сенсорлық және сөйлеу дамыту тар бірлікте болады, және сөздер дамыту бойынша жұмысты сезім мүшелерінің дамытуы және қабылдауды жұмыстан бөлуге болмайды.

Сөз баланың есінде сақталу үшін ол оның сыбысы және санамен сан рет шығаруы керек, ал сөздің дұрыс дыбысталуын меңгеру үшін оны жиі қайталау керек.

Баланың әңгімелесушілері балалар және ересек болуы керек және, бала өз құрдастарының ортасындағы ойнау керек, балаларға кең қатынасу мүмкіндігін беріп,

өз сөзін маңызды жолымен жетілдіру, сонымен қатар тілдерін дамыту.

Тіл саласындағы дербестік ойында және ойын арқылы еңбекте осылай жарық және қызық айқындалады.

Баланың қоршаған әлемі - күн сайынғы тұрмыстың заттары, адамдар, жануарлар, суреттер, ойыншықтар, табиғат - бала қабылдауларын әлемнің кеңейтуі және олардың тілінің дамыту үшін ағыл-тегіл материал қолдануға жеткіздіреді.

Әсіресе бағалы баланың өнерінің өнімдері тілдің пайдасына құнды болып табылады. Бала сурет салады, мүсіндейді, құрастырады, ұстайды, орнатады. Ол сөзбен жеткіздіре алмайтын өзінің ішкі сезімдерін білдіреді. Көрнекілік балалардың қабылдауын құрастыруға негізгі құрал болса да, сондай жалғыз болып табылады. Іске асыратын сөзден сезінуін айыруға балалардың үйренуінде мүлдем рұхсат етілмейді. Оңы отбасы және балабақша ұмытпай керек. Біз тәртіпсіздіктен баланың дамытуын арашалауымыз керек, кемеліне жетпеген және шалағайлық, баланың заттармен таныстыру үстінде бақылау алған бастапқы әсерлері дәл, дұрыс болатындай етіп мүмкіндік туғызуы керек амалдарынша көлемді. Өмірдегі тиісті жолымен

балаларға ақылды педагогикалық басқаруымен біз бұл дегеніне жетуіміз керек.



Балалардың қасиеттерін мақұлдауы.

«Адамды жақсы көргенің сезінсе
нағыз өзін-өзін құрметтеуі туады».

Бізде мәңгі де бос уақытымыз жоқ, балаларымыздың тәртібі нашар болғанда, сонда ғана біз оларға көңіл аударамыз. Олар бізді тындамаса, қателіктер істесе, тәртіпке шақырамыз. Жақсы да тәртібін көріп, біз оны мақұлдап керекпіз. Балаладың тіл алғаның, жақсы қасиеттері үшін мақтануымыз керекпіз.

Өзімен, өз өмірімен риза болу ол табиғи нәрсе, бірақ ата-аналардың мен достардың жағынан сын мен күлкі - мазақтама болса, бала өз арнамыстарына күдіктеніп етеді. Балалар күн сайын, табыстарға жетеді,

сондықтан да балаларға жарымды сөздерін айтуға аямаңыз. Баланы әрқашан да шын жүректен мадақтау керек.

Қарапайым балалар ерекше.

Табыстарының мақұлдауы – бұл балаға көмектесетін техникасы өзінді ерекше сезінуге көмектеседі. Қазіргі уақытта жеткен немесе жететін табыстарына, солардың өмір жақтарына назар аудару керек. Осы жетістіктерін есіне түсіріп, сіз балаға сенімін сездіресіз және оның намысын нығайтасыз (мен бәрін істеймін, мен бәрін білемін, менде түгел орындалады). Ол табыс мен сенім энергиясын күшейтеді, балаларды жаңа жетістіктеріне шабыттандырады.

Егерде баланы жақсы көрсеңіз және оның табыстарын танып, бала ішкі сенімін, күшін сезінеді және қажет ерлікпен иегереді, атап айтқанда ол бейтаныс және қиын жағдайларына әрқашан да дайын. Оның шығармашылық, ойлау қабілеттері, эмоциялық күші дами бастады. Өзінді ерекше сезініп, өз күштерін қиын сынақтарда көреді, қайсылары дамуына әсер етеді.

Қасиеттерін мақұлдау үлгілері.


- *Итке тамақ бергенің, бағалаймын;*
- *Сенде өте жақсы зейіні;*
- *Бүгін ауырған қарындасына мейірімді болуына, ризамын.*
- *Бізді бүгін банкта ұзақ тосқанына, рақмет саған!*

Ең қиын баланы да мақтау керек. Балаға жақсы-жарым сөздерін айту қажет, баланы мақтау үшін күш салыңыз.

Бірақ абайлаңыз! Қасиеттерін мақұлдау, шын жүректен болуы керек. Өйткені, бала өтірікті лезде сезінеді. Егерде сіз өзіңіз баланың мінез ерекшелігіне сенбесеңіз, одан да басқа жақсы игерген қасиеттеріне көңіл бөліңіз.

Баланы жиі мақтап жүрсеңіз, сіздің жағынан жылы сөздер көп болса, бала күш салып, жақсы болуға тырысады.

Баланы сенімді, табысты мен көңілді тәрбиелеу үшін сәттілік тілейміз!!!



4-5 жастағы балалардың тіл дамытуы бойынша ата-аналар үшін ұсыныстар

Мектепке дейінгі балалық шақ - адамның сөйлеу, бар болмысымен және психикалық қалыптасуындағы маңызды мерзім.

Баланың туу сәтінен бастап әр түрлі дыбыстар жиындарына бөленеді: адамдардың сөзі; құстар мен малдар шығаратын дыбыстар; музыка; ағаштардың жапырағының сыбдыры... Бірақ жалғыз ғана маңызды, тек қана баланың қарым-қатынасының мақсаттарына ересек қызмет көрсететін сөйлеу дыбыстар, мәліметтің тапсыру құралымен және нақтылы әсерлерге түрткі болып табылады. Балдырған сөздердің мағынасын түсіне алмай жатқанда әлі, сөз айта алмайды, бірақ ол интонацияны сезінеді, ненің арқасында және мағына бойынша сөз танып біледі.

Бала біртіндеп біз айтатын сөзде құлақ сала ана тілінің дыбыстары оларды қайталауға тырысады естіп танып біледі. Бала міне сөйлей бастады. Ол бірақ сөз айтуға, барлық дыбыстар айқын айтуға, буын құрылымын әрдайым айқын сақтай алмайды.

Барлық балалардың сөйлеу дамытуды әртүрлі деңгейде болады. үш жылдарға енді бірі күрделі буын құрылымы бар сөз және тіпті сөздер таза және дұрыс айтады. Басқасы жас шамасы келсе де әлі де айқын жеткілікті айта алмайды, жеке дыбыстарды теріс айтады. Мұндай балалар көп.

Ауытқулардың дауыстауларын табысты коррекция және балалардың жан-жақты дамытуы үшін балабақшасында алған дағдыларын үйде бекіту, мектепке дейінгі балалардың үйрену процессін үзіліссіздігін барынша қамтамасыз етуге керек. Ата-аналарға сондықтан ережелердің қатарын ұстанып тұрулары керек:

1. Өзіңіздің сөйлеу дағдыларыңызға көңіл бөліңіз, өйткені ересек айтқан сөз дұрыс үлгі болып табылады, ал көбінесе баланың сөзінің лексикалық, грамматикалық тараптарының теріс дамытуы болып табылады.

2. Балаларының күнделікті өміріне сауаттылық дауыстаудың қарым-қатынасымен толтырылу:

- мысалы, қоршаған заттар және құбылыстардың аталулары арқылы бұл доп, бұл тымақ және тағы басқалар пәндік сөздікті жетілдіру;

- меншікті сөзде сөздердің аяқтауы айқын айтсын, балаға әр түрлі контексттердегі сөздердің дыбыс шығаруын, өзгерісті есту мүмкіндігі берілсін, грамматикалық формалар және тағы басқаларды дұрыс жарату (мысалы: Бұл кітаптар; кітаптар жоқ; кітап туралы ойлаймын; кітаптің суретін саламын. Коля сурет салды, Даша суретін салды. және тағы басқалар);

- балаларының сөйлеу жүйенің элементтері мән беретін ықылас көрсетсін - етістіктер, күнделікті өмірден мысалдары, балаларға сәйкесінше мағына бойынша оларды дифференциалдауға оқыту тесікті (мысалы: тұрып, жатып, тікті, ілгек қадап, гүл тікті және тағы басқаларды);

- балалардың назарын контекстік сөздегі кеңістіктің сылтауларын дұрыс түсінуге және қолдануға аудару (мысалы, үстелге қарындашты қою, үстелден қарындашты ал, үстелге қарындашты қой, артыңа қарындашты тық және тағы басқалар).

1. Баланың назарын азықтың даярлау процессіне, оның сапалы құрамына, әзірлеген өнімдерге аудару (мысалы: қалай ас пісіреміз: қуырамыз, пісіреміз, тазалаймыз; татымдар: дәмді, тәтті, ащы, ыстық, суығы; түсі: жасыл, сарысы).

2. Жұмысты ұйымдастыруда маңызды рөл баланың қалаулы ойыншықтары болуы керек. Олардың рөлі баланың дамытуында баға жетпес, соның ішінде қисынды сөздің құрастыруында. Қысқа ұсыныстардың құрастыруы, олардың ішінен кішкентай әңгіме құру, соның ішінде қалаулы ойыншық туралы құрастыруы, оның иесі - балаға үлкен рахаттануды әкеледі.

3. Барлық жоғарыда айтылған жұмыс баланың биік қызу көтеруінде болу үшін маңызды және жасырын, жабысқақ емес, ойын формада текті сөздің құрделі құрылымымен меңгеруге мүмкіндік берді.

4. Ата-аналар баланың реакциясы әр түрлі бола алатынын есепке алуы керек: бірде тез, бірде өте көңілсіз, бірде тым көңілді, қарқынды, бірде өте ақырын. Бұл, ата-аналардың ары қарай жұмысынан итеруі керек болғанында емес, өз баласының дербес ерекшеліктері, аналық сезгіштікті және ниет есепке ала көмектесуге қызықтыра керісінше, онымен бірге сөйлеу қиыншылықтарды жеңіп шыққанында.

Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту



Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту

Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгідей динамика ғасырында, оқу процесінде ойын алдыңғы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға айналасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ.

Ойын- дегеніміз не? Ойын дегеніміз- халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі.

Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, денешынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар баланың ақыл- ойын дамытып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз, импульсивті болғанымен, қабылдау есте сақтау мүмкіндіктері жақсы дамыған.

Сондықтан кез- келген сабақты өткізу үшін дидактикалық ойындар қолдана білу керек. Мысылы «Сауат ашу» оқулығында тақырып соңында тапсырмалар берілген. Осы тапсырмаларды ойын арқылы ойынарқылыөткізугеболады. «Ұйқасын тап», «Сиқырлы қоржын», «Өлең жолын құрастыр» т.б. ойындар.

Тіл дамыту, сауат ашу сабақтарында да ролдік ,сюжеттік ойындарды қолдануға болады. Ролдік ойындар мектепке дейінгі балалармен өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та , қысқа да болу мүмкін. Сюжетті- рөлді ойындар бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктену, шындық ты көрсету болып табылады.Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушы әрекеттеріне еліктейді., ал «Мектеп» болып ойнағанда мұғаліммен оқытушының әрекетіне еліктейді. «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселдендіруге болады.

«Ұлттық қазақ ойындары: «Қыз қуу», «Орамал тастау, «Асықтар», «Бәйге» ойындары. Бала өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі. Ойындар әр топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Мен өз тәжірибемде ойындарды көп қолданамын. Сабақ барысында да, күннің жартысында да жүргіземін.

Баланың тілін жетілдіру үшін оны әңгімеше тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту қажет. Баланың тілін дамытуда ойын түрлерін жүргізу арқылы, ойын шарттарын айта отырып та байытуға балады. Мысалы : «Қуыршаққа қонаққа бару», «Мен кімін», «Қуршақты киіндіреміз», «Шарбақты құрастыру», «Көлемі бойынша қой» деген секілді ойын түрлерін қолдануға болады. Мен кез келген ойын түрлерін сабағымен тақырыбына сай таңдап аламын. Әсіресе дидактикалық ойындарды тіл дамыту сабақтарында пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты бекіту, баланың шығаршашылығын дамыту, тіл байлығын молайту үшін ойындар сабақтың тақырыбына, мазмұнына сай таңдап аламын. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты- бір нәрсе жайында сұралап, баланың оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады.

Рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалар өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақа та ,қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті- рөлді ойындар бейнелеу

құралы роль мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы сатып алушының әрекеттеріне еліктейді. «Шаштараз», «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселдендіруге болады. Педагог өтілген ойынға талдау жасап, оның балаларға тигізген тәрбиелік ықпалы бағалауға, өз тобындағы сюжетті-рөлді ойындарының одан әрі басшылық ету тәсілдерін ойластыруға тиіс

Қойылымдық ойындарда рольдер, ойын әрекеттері қандай шығарманың, ертегінің т.б. Сюжеті мен мазмұны шарттас болады. Ол сюжетті-рөлді ойынға ұқсас. Барлық балалар ертегіні жақсы көреді, ертеке айтып берсең бар ынтасымен тындайды. Ертегі балалардың ой-қиялын, сөздік қорын дамытады.

Құрылымдық ойындар- балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрі құбылыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылым ойыны бір жағынан сюжетті-рөлді ойнауға ұқсас келеді. Балалар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, темір жолдар, театрлар, цирктер т.б. ірі құрылыстар салады.

Дидактикалық ойындар кішкене балаларға меилінше тән оқыту формасы болып табылады, оның арғы тегі ойынды өлең мен қимылмен ұштастыру негізінде көп нерсені үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасына жатыр. Мысалы: «Сиқырлы қалпақтың сырын ашайық»- деген ойынды ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті-қалпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойындар айналамен танысу сабағында, әдебиет, сабақтарында жиі қолданады.

Бала тәрбиесі қиын да, жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманың бағыт-бағдармен, тыныс-тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез-келген бүлдіршін үшін бала тәрбиесі ата-анасына берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратыны сөзсіз

Балабақшада тәрбиеленушілердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда негізгі жұмыс түрі- ойын әрекеті.

Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан-жақты дамуы үшін және тілін дамытып, сөз байлығын дамыту үшін және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор.

Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қабілеті мен белсенділігі де көрінетіні туралы аса көрнекті педагог А. С Макаренко былай дейді: «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе

сондай болады». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу- бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын- балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі.

Ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамдық өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап- ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмытылады, соның арқасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді.

Ойын- бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіп жүреді.. Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады.

Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рольді, драматизациялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Жанұяның адамгершілік тәрбиесіндегі рөлі



Жанұяның адамгершілік тәрбиесіндегі рөлі

Адамгершілік саласының ұйымдастырылуы – баланың жан-жақты тәрбиесінің маңызды шарты болып табылады. Мектепке дейінгі жастағы баланың мектепте жақсы оқуы ғана емес оның алдағы өмірлік ұстанымы да адамгершілік тәрбиесіне байланысты болады.

Жанұяның адамгершілік тәрбиесіндегі рөлі ерекше. Жақсы жанұяда махаббат пен аяушылық, қамқорлық пен қуаныш күлкілері кездеседі. Бала ата-ананың қамқорлығы мен махаббатына, олардың қарым-қатынасы мен еркеліктеріне мұқтаж. Ата-ананың балаға деген махаббаты мен олардың қамқорлығы баланың да жауапты үн қатуын шақырады, бала ата-ананың сөзіне құлақ салып, тәрбиелі болып өседі.

Егер бала махаббат пен қамқормен бөленсе, ол өзінің қандай екеніне қарамастан жақсы көретінін, өзгелер үшін қажетті де, сүйікті жан екенін түсінсе, ол өзін қорғанған, біреуге қажеттілігін түсінеді. Осының бәрі оның мейірбан болып өсуіне жақсы ықпалын тигізеді.

Баланың ойына құлақ салып, онымен ақылдасып, оның ішкі жан дүниесін ұғып, түсіне білу, сыйлау бала үшін көп нәрсені білдіреді. Ол өз қылықтары мен сөздерін талдап, өзін қасындағы баланың орнына қойып, соңында не болатынын болжап, бұзақылық жасамайды.

Баланың өзін-өзі бағалауы үлкен кісілермен қарым-қатынасынан кейін белгілі болады. Өйткені үлкен кісілер оның жақсы, жаман қылықтарын бағалайды. Бала өзіне сенетін адамдардың сөзіне көбінесе көңіл аударады. Баланың қателіктерін бетіне баса бермей, ата-анасы ақыл айтып, дұрыс жолды көрсете білулері керек.

Баланы жастайынан тәрбиелеу қажет және баланың өміріндегі басты тәрбиеші ата-анасы болып табылады

«Сөйлеу бұзушылықтары бар балаларда, қолдарының ұсақ моторикасын дамытуға арналған тіл дамыту құралы»

«Сөйлеу бұзушылықтары бар балаларда, қолдарының ұсақ моторикасын дамытуға арналған тіл дамыту құралы»

Соңғы жылдары біздің әлемде балалардың тіл дамуы төмендеді. Себебі бұның бәрі экологияға, әр түрлі инфекцияға байланысты.

Қазіргі кезде сөз қоры актуалдық проблема. Зерттеу бағытында балалардың тіл дамуы саусақтың қозғалуына байланысты.

Тағы да мынадай заң байқалады: саусақтың қозғалуы, баланың жасына сай болу керек.

Ғылыми тұрғыда, балалардың тіл дамуы жіңішке қол арқылы дамиды.

Сөйлеу қоры белгілі нормада болады, егерде қолдың қозғалуы қалып қойса, сөз қоры тоқталып қалады, жалпы моторика норма бойынша қалады.

Баланың фонетико-фонематикалық нашар сөйлеуі түрлі деңгейлерімен бөлінеді. Жалпы моториканың және саусақтың қозғалуы жетіспеуі тілдік функциясына байланысты.

Жазуға бейімделмеген, жалпы моториканың және саусақтың қозғалуы жетіспеуі мектептің төменгі сыныптарынан бастап, оқуға деген негативтік әсерін тигізуі мүмкін.

Ұсақ моторикасы баланың дамуына, оқуына өте маңызды. Мектепке дейінгі мекемеде, жазу емес, жазуға дайындықтың маңызы зор.

Қол моторикасының жоғары деңгейі баланың мектепке деген психологиялық дайындығын, ақыл кіргенін түсіндіреді. Қол моторикасын арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар баланың тілінің дамуына да әсерін тигізеді.


Бала саусақтарымен әр түрлі жаттығулар орындап, үлкен жетістіктерге жетеді және баланы сурет салуға үйретеді, ары қарай жазуға да көмектеседі. Егер баланың саусақтары шапшаң жұмыс жасап, иілгіш болса жазуы да әдемі болады.

Тіл дамыту жұмысы қол арқылы жүру тиіс. Сонда ғана – неғұрлым үлкен жаттығу болады. Балаға тапсырмалар қызықты болу керек.

Баланың қол еңбегін арттыру үшін не істеу керек?

- Қолмен ермелсазды жұмсарту
- Әр саусақпен тасты, маймақты, шарикті айналдыру
- Алақандарымызды жұмып ойын ойнау (таңертең тұрдық – ашылу, кешке ұйқтадық - жабылды)
- Жұмсақ жұдырық жасау, тез ашу, үлкендер саусақтарын өткізу, қатты аша алмайсың
- Екі қолдың саусақтарымен «Жүру» үстелмен, алдымен ақырын, біреу ұрлану, содан кейін тез жүгіріп келуі. Жаттығу алдымен оң қолмен, содан кейін сол қолмен
- Жеке бір саусақты көрсету, содан соң екеуін ары қарай үш, төрт, бес
- Жеке бір саусақты көрсету – үлкенін

- Барлық қолдың саусақтарымен үстелді соғу
- Ауада саусақпен былғау
- Қолдың басымен фонарик жасау
- Қол соғу: ақырын, қатты, әр түрлі әрекетте
- Барлық саусақты бірге жинау (саусақтар жиналды - қашты)
- Жуан жіпке түймелер, шарлар, мойыншақтар кигізу.
- Түрлі түсті жіңішке сымды катушкаға орап, өзінің саусағына арнап (сақина немесе спираль шығады)
- Қалың арқан, жіп ұштарын байлау
- Түймелерді, ілгіш, замок, қақпақтарды жабу, механикалық ойыншықтарды кілтпен жүргізу
- Болттар мен гайкаларды бұрау
- Конструктор ойыны
- Ауада сурет салу
- Құммен, сумен ойнау
- Қолмен поролон шарларын, губканы жұмсарту
- Тігу, шимен тоқу
- Сурет салу, бояу, штрихтау
- Қайшымен қию
- Әр түрлі материалдармен сурет салу (қаламмен, қарындашпен, бормен, түрлі-түсті бояу, гуашьпен, көмірмен, түрлі-түсті борлар және т.б.)



Көзге арналган жаттыгуулар:

Көздерді оңға – солға, солдан оңға карай қозғалту;

Көз қарашығын көкке одан төменге қарату;

Сағат тілі бойымен көзді айналдыру;

Тез арада көзді ашып – жұму;

Көздерді сол жақ астыңғы бұрыштан, оң жақ үстіңгі бұрышқа қарату. Дәл солай бірақ енді керісінше жасау.

Әрбір жаттығуды кемінен 6 рет қайталау қажет.

1 жаттығу

Екі көзімізбен бірге екі қасымыздың ортасына қарап көрейік, осы күйімізде 5 секунд тұруымыз қажет.

2 жаттығу

Екі көзімізбен бірге мұрын ұшына қарап, осылай 5 секунд тұрамыз.

3 жаттығу

Екі көзімізбен бірге оң жақ иығымызға қараймызда, 5 секунд тұрамыз

4 жаттығу

Дәл 3 жаттығуға сәйкес, бірақ керісінше сол жақ иығымызға қарап, 5 секунд тұрамыз

5 жаттығу

Көзіміздің қарашығын сағат тілімен айналдыру және керісінше айналдыру. 3-4 қайталау.

6 жаттығу

Отырып жасаймыз. 2-3 секунд алға қара, содан назарыңды оң жақ қолыңның сұқ саусағына қара, ол мұрын алдында 25-30см жерде, 3-5 секундтан соң қолыңды жібер.

7 жаттығу

Отырып жасаймыз. 2-3 секунд сол қолыңның сұқ саусағын алдыға созып қара, содан қолыңды бүгіп мұрныға жақындат.

8 жаттығу

Отырып жасалады. 3-5 секунд созылған оң қолыңның сұқ саусағына қара, содан сол қолыңның алақанымен сол жақ көзіңді 3-5 секундқа жаба тұр, осы арада оң жақ қолыңды бүгіп және жазып тұр. Ал енді керісінше оң қолыңмен оң жақ көзіңді жауып орында.



Қоштасқанда бала қатты жылайды

Сіз жаңа тұрып жатсыз, ал балаңыз балабақшаға бармаймын деп бастайды. Сіз үйден шығуға дайынсыз, ал балаңыз жерде домалап, шыңғырып жылап жатыр. Не істеулеріңізді білмейсіз, шыдамыңыз таусылды. Жылап жатқан баланы көтеріп алып, балабақшаға жүгіріп келесіз. Баланы әрен шешіндіресіз бала әлі де жылап, сізден айырылмайды. Тәрбиеші әрен дегенде баланы сізден айырып алып топқа кіргізеді. Сіз балабақшаның есігін жауып, өтіп жатып, балам әлі де жылап жатқан шығар деп, терезеге қарайсыз. Не көресіз? Балаңыз жастарын сүртіп түк болмаған сияқты басқа балалармен ойнап кетті.

Проблеманың мәні.

Осындай баланың балабақшаға бейімделу сценарии жиі кездеседі. Кейбір балаларға білмейтін жерге келіп қоштасуы өте ауыр болады. Оған сіздің көмегіңіз өте қажет!

Шешу жолдары.

Осындай баланы анасы емес әкесі, не басқа жақын адам әкелуі дұрыс. Мүмкін сонда қоштасу балаға ауыр тимейді. Әкесінің айтқанын бала басқаша қабылдайды.

Егерде сізден басқа баланы балабақшаға апаратын ешкім болмаса, онда балабақшаға дейін жолды қызықты қылу керек, міндетті түрде үйге келгенде балаңызды мадақтаңыз. Күні қалай өткенін асықпай сұрастырып әңгімелесіңіз, қалай сағынғаныңызды айтыңыз, балабақшадағы тәртібі үшін мақтаңыз.

Тағы бір кеңес.

Балабақшаға баратын жолмен демалыс күндерінде де қыдырып жүру қажет. Бірақта жүргенде тек қана жақсы көңілді эмоцияңызды көрсетіңіз. Өз өзіңізге сенімді болыңыз. Егерде, балабақшаға жақындаған сайын баланың жылағанынан қорықсаңыз, сіздің қорыққаныңыз балаға да беріледі. Өзіңіз үшін нақты шешіп алуыңыз керек: балабақша сіздерге керек пе? Егерде керек деп шешесеңіз, онда өз өзіңізге сенімді болып, шешіміңіздің дұрыстығында еш күмәніңіз болмасын.

Баланың ашуын қалай жеңуге болады

Автор: Мерей - № 29 балабақша

28-02-2011 13:35



Баланың ашуын қалай жеңуге болады?

Әр ересек адам баланың ашуымен кездеседі. Осындай жағдайда сізге бөтен адамдар қарап тұрғанда, өз-өзіңізді ұстай алмай қасыз. Қалай болу керек?

1. Естеріңізде болсын, қандай керемет ана болса да, осындай жағдайларға тап болуы мүмкін, мәселе анасында емес, баланың мінез құлқында.

Балаңыздың ашуының себебін ойлаңыз:

- Сіздің балаңызға көңіл аудармай қойдыңыз, ол осындай жолмен сіздің назарыңызды өзіне аударуға тырысады (осындай әдет тез жатталып, өскенде де жиі қолданылады);

- Бала өзінің айтқанын істеткізіп, не сұраса соны беретінін біліп, сіздерге манипуляция жасайды.

Манипуляцияны ажырата білу қиын, сондықтан өз балаңызды бақылаңыз: қалай жылайды, оның тынышталуына не көмектеседі.

Егер сіз балаңыздың сізге манипуляция жасап тұрғанын ұқсаңыз, балаға өзіңіздің ұнатпағаныңызды көрсетіңіз.

- Бала шаршады, тамақ ішкісі келеді, ұйқысы келеді: ол себепті жоюыңыз керек сонда баланың ашуы басылады.

2. Егер ашу қызып тұрса, бала дем алу үшін тоқтаған кезде, сол уақытта сіз қызықты әңгіме бастап, назарын өзіңізге аударыңыз.

3. Баланы алдыңызға алып, құшақтап, тынышталғанын күтіп, оған жаныңыздың аштынын түсіндіру.

4. Ашу кезінде ең бастысы өзіңізге ашуға түспеу. Өзіңіз шыдамды болып, балаға жаныңыздың аштынын түсіндіріп: «Мен сенің ашуыңды түсінемін, өйткені біз саған сатып алған жоқпыз...», «Сен тынышталғанда, біз болған жағдай туралы әңгімелесеміз».

Бала сізді бір айтқаннан түсінбейді, оны 20 рет қайталағаннан кейін, сіз балаға жеткізесіз. Баламен сөйлесіңіз, не себептен сондай тәртіпсіз қылықтар жасағанын.

5. 3-5 жастағы балалар үлкендердің дұрыс түсіндіргендерін түсіне алады. Баланы кез-келген жағдайлардан жол тауып шыға білуін үйрету керек, түк болмағандай жүре беруге де болмайды.

6. Сондай кезде сізге қарап тұр деген ойлардың бәрін ұмытыңыз, сол адамдардың өздері де сондай жағдайда болған.

7. Сондай жағдайда өзіңізді де, баланы да кінәламаңыз.

Есіңізде болсын, сіздің балаңызды өзінен жақсы ешкім білмейді.

Қорытынды: баламен жиі әңгімелесіп, оның көңіл-күйін сұрап, қалаулары мен қызығушылықтарын, міндеттерін талқылау.

БАЛА ТІЛІН ДАМУДАҒЫ АТА – АНАНЫҢ РӨЛІ

СОВЕТЫ РОДИТЕЛЯМ

Для достижения результата необходимо заниматься каждый день, но не реже 4 дней в неделю!

Следуйте всем советам логопеда!

Если вы что-то не понимаете, у вас что-то не получается, потратьте ваше драгоценное время на консультацию с логопедом, у которого занимается Ваш ребенок. Задача логопеда помочь вам и вашему ребенку преодолеть временные трудности. Однако ошибочным является то мнение, когда некоторые родители считают процесс коррекции речи быстрым. Это не так! Это процесс сложный, порой очень длительный (зависит от сложности речевого дефекта) и напряженный для всех его участников.

Уважаемые родители!

Наберитесь терпения, сил и доведите начатое дело до конца, ведь речь идет о здоровье вашего ребенка. Не надо портить нервы Вашего ребенка, Ваши и нервы специалиста, просто необходимо набраться терпения и выполнять все необходимые рекомендации.

Желаем Вам удачи.

Все в Ваших руках и руках специалиста, главное вовремя начать работу! Не откладывайте на завтра то, что можно сделать сегодня!

Терпения Вам и успеха!



БАЛА ТІЛІН ДАМУҒАДАҒЫ АТА – АНАНЫҢ РӨЛІ

- Қарай көр, көршінің қызы Аружан ап-анық сөйлеп, тура сайрап тұр өзі, тіпті тоқтата да алмайсың! Ал біздікі ше, екеуі жасты болса да, аузына су жұтқандай түк айтпайды!

Ата – аналардан өз балалары туралы жиі естілетін әңгіме. Ал «аузына су толтырып алу» қайдан шығады? Бала тілінің уақтылы даму қалай көмектесе аламыз? Неге көңіл аударған жөн?

«Ауызға су толтыру» артикулярлық аппараттың құрылымының бұзылу нәтижесінен болуы мүмкін: тістің дамуының ауытқуы, үстіңгі жақ тістерінің астыңғы жақ тісерімен сәйкес орналаспауынан және т.б. Бұндай жайтты болдырмау үшін ауыз қуысы жүйесінің дұрыс дамуына мән беріп, тіс дәрігері кеңесіне уақтылы жүгініп отырған жөн. Сондай – ақ дыбыстарды дұрыс айтпау, артикулярлық аппараттың бұлшық ет тонусының дұрыс дамуы салдарынан болуы мүмкін. Бұл кезде логопед – оқытушының және психоневрологтың кеңесіне жүгінген абзал.

Бала тілі еліктеу арқылы қалыптасады. Сондықтан ересектер өз сөйлеу мәнеріне көңіл бөлгені өте маңызды, сөйлегенде асықпай, дыбыстар мен сөздерді анық және дұрыс айтқан жөн.

Ата – аналар көңіл бөлетін тағы бір мәселе, баламен сөйлескенде сөздерді бұрмалап, күнделікті қолданатын сөздер орнына түрлі дыбыс

жиынтықтарын қолдануға болмайды. («бибика», «ляля», «ням-ням» т.б.) Бұл жайт бала тілінің уақтылы, сөздіктің дамуына кедергі жасайды.

Балаға үйде кітап, ертегі (әңгіме) оқығанда, суреттер қарағанда, мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруін, ертегі (әңгіме) мазмұнын айтып беруін, суретте не бейнеленгенін баяндап беруін талап етіңіз. Егер бала қателесіп жатса, оны түзетуге асықпаңыз, бала ойын әбден тыңдап алған соң, қате жерлерін түзетуге болады.

Жанұяда бала үлкендермен әңгімелескенде тек жаңа нәрселерді біліп қана қаймай, өз сөздік қорын байытып, сөйлемдерді дұрыс құрастырып, өз ойын ашық айта алатын жағдай туғызу керек.



Мектепке дейінгі балалық шақ

Бүкіл әлемдегі мамандардың пікірлері бойынша кішкентай бала нақты мектепке дейінгі жаста болғанда ең шапшаң шынығу мен психикалық сапасы қалыптасады. Үлкендердің мақсаты, педагог немесе ата-ананың, бұл процесс сәбиге жаратылысты болды, қысымсыз және артық насихатсыз.

Мектепке дейінгі балалық шақтың ең ерекше айырмалығы баланың жалпы дамуын қамтамасыз ететуі болады. Осы кезде әртүрлі арнайы білім мен дағдыр іс-әрекеттер түрлерін игеруді тауып алу іргелігі бекітіледі. Баланың мінез-құлықтың бүгінгі және қазіргі сыртқы ерекше психикалық мінездемесі қалыптасады. Сонымен қатар баланың ішкі сезімінде психиканың жаңа қасиетің ұшқыны пайда болады, олар жақын келешекте барлық күшпен отқа айналады. Оны психологиялық жаңадан пайда болған түр деп атайды.

Эмоционалдық және танымдық дамуы әбден жетілдіргені соншалық болғаны мен ойын мектепке дейінгі балалардың іс-әрекетінде басымдылық орын алады. Оқыту-тәрбиелеу процессінде баланың жас ерекшелігіне сай психикалық қабілетін жетілдіру мен қамтамасыз етуі ең маңызды рөлін ойнайды. Бұл қарапайым себеп өте маңызды үйткені, сәбилердің әр жас ерекшелігіне қарай жекелік психошынығу қасиеттерін үйлесімді дамуына қайталанбас бірегей, ерекше жағдай жасайды. Оның біреуін зейіннен жіберіп алса, кейіннен бұл жіберуді қалпына келтіруі өте күрделі болады. Көз алдына пазлды елестеп көрініз, бір үзіндісі де болмаса сурет толық емес, аяқталмаған болады. Дәл осылай әр баланың жекелік сапа жиынның қалыптасуы туоалы айтуға болады.

Әр іс-әрекеттің өзінің жағымды (сензитивтік) кезең болады бұл балалардың жас ерекшелік мүмкіншілігі психикалық қалыптасудың көрінісі. 0 ден 3 жасқа дейінгі балалардың ерте жасында негізгі іс-әрекет түрі – заттармен айлалы әрекет. Сәбилер сыртқы мінездеме және функцияларымен танысады, өз білімдерін тәжірибеде қолдануға үйренеді, зерттелген заттарды жаңа сапамен үлестіреді. Кішкентай машинаны ұялы телефон қылдырып ойнайды.

Мектепке дейінгі балалар (3-7 жас) ойын арқылы айналадағы әлемге өз көз қарасын жеткізуге тырысады және үлкендердің өмірінде өз орнын анықтайды. Оларды көбінесе заттар емес, әлеуметтік қарым-қатынасқа тартады. Бұл қызығушылық толық сюжетті-рөлдік ойындар арқылы көрінеді.

Баланың іс-әрекеттерінде дербестік көрінісі, іс-әрекет түрлерін ұйымдастыру, олардың басшылығына қарама, оларды жетілдіру қамқоршылығы үнемі педагогтың бақылауында болу керек. Сәбидің психикалық қабілетін ұйымдастыруы баланың қазір және бүгін қолданатын психикалық сапасын қалыптасуына көмектесу керек. Бұл процесс әрине өзімен өте ұқыпты үндеуін мұқтаж етеді. Оған ұқсас әдіс пайданың орнына зиян келтіру мүмкін. үлкен адам міндетті түрде еске алып отыру керек. Егерде оқыту үрдісіндегі жоғары бұрышына баланың дарашылығы болса, онда баланың дамуы сапалы және жан-жағынан дамыған болады, оны үлкен адам міндетті түрде еске алып отыру керек.

Мектепке дайындық



Балаларды мектепке дайындауда ата – аналар қалай көмектесе алады?

Мектепке дайындық – көп жоспарланған үрдіс. Баланы мектепке дайындауды сәбилік мектепке дейін жастан бастау керек және тек қана арнайы сабақтарда ғана емес, сонымен қатар өздіктерінен айналысатын ойында, еңбектенуде, үлкендермен және қатарластарымен қарым – қатынастарында бастау керектігін атап өту керек.

Баланың еңбекқорлық, қажырлылық, істі соңына дейін тиянақтап аяқтауға дағдылануын дамыту керек.

Баламен бақылау, әңгіме жүргізе отырып, оған өзін ең алғаш танушы ретінде сезінетіндей жұмыс жүргіздіру керек. Мысалға, бұлттарды бақылау арқылы адамдарға және жануарларға ұқсайтындай пішіндер табу, шалшық тереңдігін өлшеу, табиғат құбылысының өзгеруін бақылау.

Ойлау, бақылаушылық, сыншылдық қабілетін қалыптастыру, қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын оятуда тәжірибелер жүргізіңіз. Өз ойын дауыстап айтсын.

Мүмкіншілігінше дайын жауаптар бермей, ойлануын, зерттеуін талап етіңіз. Мысалы, ол қыста ағаштар өмір сүрмейді десе, сіз онымен бірге ағаш бұтағын кесіп әкеліп, бөлмеге қойыңыз. Біршама уақыттан соң бұтақта жапырақшалар пайда болғанын көреді.

Кеше неге қардан кісі жасауға болды, ал бүгін неге болмайды деген проблемалы оқиғалар алдына қойыңыз.

Оқылған кітаптар бойынша әңгіме жүргізіп, оның мазмұнын қалай түсінгенін, оқиғалар байланысы себебін түсінді ме, кейіпкерлер әрекетін дұрыс бағалады ма, неге бір кейіпкерді мақтайды, неге біреуін дағдайды соны түсіндіре , дәлелдей ала ма және т.б.

Балаларды мектепке дайындауда арнайы білім мен дағдының болуы ерекше орын алады, олар: сауаттылық, санау, арифметикалық тапсырмаларды шеше алуы. Мектепке дейінгі жаста оқи алуы және математика элементтерін білуі – мектептегі оқу жетісті болуының кепілі. Бала сөздің дыбысын ести, оның дыбыстық құрамын білгені маңызды.Сөзді бірге немесе буындап оқу керек. Әріптеп оқыған мұғалім жұмысын қиындатады және баланы қайтадан үйретуге тура келеді. Сонымен қатар, бұндай жағдай есепке де қатысты, егерде сандардың математикалық белгісін білсе, ол пайдалы, ал егер бұл дағды механикалық болса пайдасыз деп саналады.

Балаларды мектепке дайындаудың маңызды міндеттерінің бірі – жазу үшін «қол ептілігін» дамыту.

Баланың мектепке дайындығының психологиялық жағы – оның еркін дамуының жеткілікті деңгейде болуы. Оқушыға ерікті есті, ерікті назарды қосу керек болады, өйткені оқуда міндетті, «қызықсыз» сәттер болады.

Ерікті танымдық қызмет жоғарғы мектеп жасында қалыптасады, ал мектепке жаңа барған кезде ол жеткілікті, толық дамыған болмайды. Балаға ұзақ уақыт бойы ерікті тапжылмай назар аудару, ұзақ көлемді материалды жаттау және т.б. қиындық тудырады.



Балаларды оқуға қалай үйретуге болады?

Кейбір балалар оқуға тез үйренеді және ата – аналар бұған толық түрде қанағаттанады. Басқалары алғашқы әліппеге үйренуде қиналады.

Өте белсенді, реактивті, яғни елгезек балаларға оқып үйрену қиынға соғады. Бірақ оқуды оңайлықпен үйренген балалармен де тілдің дыбыстық жағы бойынша жұмыс жеткілікті жүргізілмейді. Бұндай жағдайда балалардың оқу жылдамдығы тез, бірақ жиі сауатсыз жазады, оларда орыс тіліне қызығушылық жоқ. Мектепке дейінгі 3 – 7 жас дейінгі кезең - сөздің дыбыстық сараптамасын түсінетін және таныстыратын оңтайлы жас. Сондықтан үлкендер алдында ғы міндеттер:

1. Дыбысталатын сөзге қызықтыра отырып, орыс тіліне деген қызығушылығын дамыту.
2. Сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету, яғни дауыссыз, жуан және жіңішке дауысты дыбыстар.

Егерде біз осы дайындық кезеңін өткізетін болсақ, біз бірден бірнеше кезеңнің шешімін табамыз:

1. Балалардың фонематикалық есту қабілеті дамыйды, біздің сөйлеу ағымымызда дыбыстарды ести алады.
2. Осы негізде бізде мектеп жасына дейінгілермен жатыққан түрде оқуға ден қоямыз.

3. Болашақта баланың сауатты жазуының үлкен мүмкіншілігі бар.
4. Баланың орыс тіліне деген қызығушылығы пайда болады, сол арқылы нағыз әдебиетті оқуға деген қызығушылық.

Сөйтіп, біз уақытша әріп, дыбыс, әліппені ұмытамыз және дыбыстар әлеміне ауысамыз. Ол үшін Л. Е. Журова және оның серіктестері сөздердің дыбыстық сараптамасы және оның негізінде балаларды сауаттылыққа үйрету, яғни оқуға үйретуге қызықты ойын әдісін жасап шығарған. Бала 3, 5 – 4 жаста болғанда алғаш рет дыбыстармен ойынды отбасында өткізуге кеңес береміз.

Мысалға «ш» дыбысын қарастырайық. Балаға шағын тақпақ оқимыз, оқыған кезде ол дыбысқа екпін түсіре ерекшелейміз:

Мышшшонку шшшшепчет мышшшшь (тышқанның баласына анасы сыбырлайды):

«Ты всё шшшшшуршшшшшшь, шшшшшшшшшшшшшшшшь» (сен бәрін сыбдыр – сыбдыр еткізесің!

Мышшшшшонок шшшшшепчет мышшши: (тышқанның баласы анасына сыбырлайды)

«Шшшшшуршшшать я буду тишше» (мен ақырын сыбдырлатам).

Балаға сұрақ қоямыз: өлеңде қандай дыбысты жиі естейсің? Ал енді жылан қалай ысылдайтынын айтшы? (ш – ш – ш). Жапырақтарды жел сыбдарлатқанда, олар қалай шулайды? (ш-ш-ш). Сонан соң «ш» дыбысы бар суреттерді көрсетуге болады. Сонымен қатар құрамында осы дыбыс бар заттарды әкелу ұсынылады. Бірнеше күн бойы ерекше екпінмен өлеңдер, тақпақтар, жұмбақтар, таза айтуға арналған өлең жолдарын дайындаймыз және оқимыз, мысалға: не найду я ушки у нашей лягушки... (бақамыздың құлағын таба алмаймын мен) Петушок, петушок, золотой гребешок (алтын айдарлы этеш,этеш).

Фольклорлық материалды дайындаумен қатар сөйлеу ойындары да кеңінен орын алады. Ең таралған ойын « Дыбысқа қатысты сөз ойлап табайық...» Бірақ балалар тәртіп бойынша ойластыруын игеріп алу керек: жуан естілетін дауыссыз дыбыс, мысалға «р» (рыба, рак, топор- балық, шаян, балта), сонан соң жіңішке естілетін дауыссыз дыбыспен (якорь, репка, море – зәкір, шалқан, теңіз...). Бұндай ойындарды түрлендіру маңызды: - бөлмеде саяхат жасау арқылы берілген дыбыс бар заттарды табу;

- Берілген дыбыс бойынша күлкілі немесе көңілсіз сөздерді ойластыру;

- Белгілі дыбыс бойынша мамандық, қысқы киімдер, «Менің анам нені жақсы көреді?», «Көкөніс», «Жеміс» және т.б. тақырыптарға байланысты сөздер ойлап табу. Балалар жуан және жіңішке естілетін дауыссыз дыбыстарды меңгергенде, ойын тапсырмасын жіңішке дауыссыздардан басталатын сөздер ойлауға ауыстырамыз;
- «Сөз тізбегі» ойыны (бір дыбысты өзгертуден сөз мағынасы өзгеруі: тень, пень, день, лень – көлеңке, діңгек, күн, жалқаулық)
- Эстафеталық ойындар (бірі – біріне орамал беру немесе доп лақтыру арқылы «жуан – жіңішке» ойынын ойнаймыз, мысалы: рука – река – қол – өзен;
- Дауыстыларды – қызыл түспен, жуан естілетін дауыссыздарды – көк түспен, жіңішке дауыссыздарды – жасылмен шартты белгісімен таныстырамыз.

Осылайша баланы ең маңызды үрдіс- сөзге дыбыстық сараптама жасай алуға машықтандырамыз, яғни сөздегі кейбір дыбыстарды тек қана естіп қоймай, дәйекті түрде ерекшелеуге үйретеміз.

Бұл кезеңде шешуші кезең « Жұмбақ ойын» болады. Біз балаларға сөздің дыбыстық сызбасын береміз, ал олар сөз ойластырады. Егерде бала сөз тауып айтпа қиналатын болса, жетекші сұрақтар қоямыз. Оқытуға үйрету үрдісі қызықты болу үшін ойын түрлерін түрлендіреміз.



Мектеп жасына дейінгі кіші балалардың ұсақ моторикасын және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы қағаз пластикасының маңызы.

Қағаз пластикасының мектеп жасына дейінгі кіші балаларды дамытудағы маңызы:

-Қағаз пластика балаларды қағазбен жұмыс істеудің түрлі амалдарын үйретеді: шиыршықтау, қиыстыру, салу, желімжеу;

-Балаларды қолмен жұмыс істеу қабілеттерін дамытады, саусақты нақты

Қозғалтуға үйретеді, бала қолдарының ұсақ моторикасы жетіледі, көзбен

Шамалауы дамиды;

-Балалардың көркемдік талғамын және шығармашылық қабілеттерін дамытады, олардың қиялын белсенділендіреді;

-Ойын жағдайларын туғызуға ықпал жасайды, балалардың ұйымшылдық қабілеттерін кеңейтеді. Қағаз пластикаға оқытқанда қағаз пластика техникасында орындалған бұйымдар қолданылатын сюжеттік тақырыптық композиция құруға үлкен назар аударылады. Композицияның ерекшелігі: сурет жапсырылатын астарды жапсыру техникасында орындалған қосымша бөліктерімен көркемделуі. Яғни композицияның тақырыбына байланысты қоршаған орта даярлау: шабындықтағы гүлдер, тоғандағы арал, бұлтпен, ашық күнмен, өршеленген теңіз бен аспан т.б.

Осының нәтижесінде балалардың психомоторлық процесстері тегістеледі, олардың мінез-құлықтары өзгереді, жеке-қатынастары жақсарады.

Жұмыс кезеңінде сабақтың әр түрлі қолданылады: дәстүрлі, аралас, тәжірибелік сабақтар.

Өңдеуге жеңіл көнетіндіктен балалар қағазбен сүйіспеншілікпен жұмыс істейді. Егер балаға қағаздың әр-түрлі сұрыптарын берсе, онда ол қағаздың жұмсақ, қатты, қалыңдығы және беріктігі, түр-түсі, жылтырлығы әр түрлі болатындығын ұғады.

Кішкентай балаларға заттарды қағаздан уқалау және жырту амалдары арқылы жасауды ұсынады. Осы кезде бала қағаздың қасиеті жайлы ғана білім алмайды, сонымен қатар өзінің қимылын, күшін келісіп жүргізуге үйренеді.

Балабақшаның кіші топтарында сабақтарға қажетті арнайы құралдар мен жабдықтар болуы қажет: астарға және қағаз пластика элементтеріне арналған қағаз, ұннан жасалған желім, қылқалам, қайшы, қылқалам қойғыш, таза салфетка (әр балаға), түрлі фактуралы түрлі-түсті қағаз.

Қағазбен жұмыс істеу баланың еңбекке деген оң ықпалын қалыптастырады, онда өзінің еңбегіне деген рахат, мақтаныш сезімі пайда болады.



«Отбасындағы бала тәрбиесі»

Сіздің балаңыз – сіздің болашағыңыз. Сіз өз жалғасыңыздың үлгілі болғанын қалайсыз. Ол үшін бала тәрбиесіндегі қажетті негізгі қағидаларды ұсынып отырмыз:

1. Балаға деген махаббатыңызда шексіздіктен сақ болыңыз. Бала отбасы мүшесі болу керек. Ата – ана балаға деген махаббатында өздерін құрбан ететін болса, бала өзімшіл, өзіндік бағасы жоғары және махаббатқа қатыгездікпен жауап береді, ата – аналарға, адамдарға немқұрайлықпен қарайды. Бір жағынан алып қарағанда, балаға немқұрайлықпен қарағанның кесірі болмауы да мүмкін.

Отбасының басты қағидасы – бәрі әр отбасы мүшелерін, ал әрқайсысы барлық отбасына қамқор болады. Сіздің балаңыз осы қағиданы жадында сақтау керек. Кішкентай кезінен бастап үй ішінде нақты бір жұмысты атқаруға үйретіңіз.

2. Тәрбиелеудің басты құралы – ата – аналардың тәртібі, үлгісі. Баланы дамыту – оның өздігінен жұмыс жасай алуын дамыту. Білік, дағдыны қалыптастыруда көмектесіп, бірақ ол үшін ол істеу керек және істей алатын нәрселерді істеңіз. Егерде ол дұрыс істей

алмаса, онда тұрған ештеңе жоқ, ол қателесу және жол болмау арқылы тәжірибе жинайды.

3. Бала тәртібі негізі – ол оның әдеті. Оның жақсы, мейірімді әдеттерге жақын болуын қадағалаңыз. Ең маңызды әдеттердің бірі – күн тәртібі. Баламен бірге күн тәртібін жасап, оның сақталуын қадағалаңыз. Баланы жақсы мен жаманды ажырата алуға үйретіңіз, темекі, ішімдік, наша, бетімен жүру, өтірік жаман, қауіпті екенін түсіндіріңіз. Оны өз үйін, отбасын, мектебін, жақсы адамдарды, туған өлкені жақсы көруге үйретіңіз.

4. Бала тәрбиесінде ата – аналардың талабы және бір – біріне қарсы келуі қауіпті. Алдымен өзара келісу керек.

5. Отбасында жылулық және жайлы атмосфера болуы керек, ешкім ешкімге айғайламау керек, кемшіліктер айғайсыз, тыныш талқылануы керек.

6. Өз қауіптенуіңізбен оның намысына тимеңіз, оған сенімділікпен қараңыз.

7. Бала денсаулығына мұқият қараңыз. Өздігінен өз денсаулығын қадағалауға үйреніңіз.

8. Отбасы- ол үй және әр үй жөндеуді талап етеді. Сондықтан да уақыт өте келе жөндеу жасау керек екенін ұмытпаңыз. Отбасы үйі жаңартуды талап етіп тұрғанын уақыт өте келе тексеріп отырыңыз.

Бала тәрбиесінде тек қана ата – аналардың тәжірибесі мен білгенінен емес, сонымен қатар олардың сезімталдығына және алғырлығына да байланысты.

Ата – аналар, сіздерге бала тәрбиесінде сәттілік тілейміз!

Агрессивті бала



Агрессивті бала

Қатыгез, агрессивті, төбелесқор және сотқар бала – ата –ананың үлкен уайымы, балалар ұжымының қолайлы болуының қауіпі, алаң «қатері», дегенменде ол бақытсыз жан, өйткені оны ешкім түсінбейді, аямайды және аяламайды. Бала агрессивтілігі – ішкі эмоционалдық жайсыздық белгісі, жағымсыз уайым кешені, психологиялық қорғаныстың барабар емес түрлерінің бірі.

Ондай балалар итеру, ұру, сындыру, шымшудың кез – келген мүмкіндігін пайдаланады. Олардың тәртібі арандатқыштық сипатта болады. Өздеріне агрессивті қатынасты тудыру үшін , олар аналарын, тәрбиешілерді, қатарластарын ашуландыруға тырысады. Үлкендер ашуланғанша, ал қатарластары төбелеске ұмтылмайынша, олар тоқтамайды, ашуландыруға тырысады. Мысалға, ондай қылықты бала, анасын салмақты қалыптан шығарып, шапалақ жемейінше, қасақана асықпай киінеді, қол жуудан бас тартады, ойыншықтарын жинамайды. Сонан соң ол жылайды, бірақ анасынын аялауынан кейін салмақтылық танытады. Өзіне назар аудартудың қызық амалы емес пе ? Алайда бұл баланың іште жиналған психоэмоционалдық шиеленісті шығарудың жалғыз тетігі болып табылады.

Біздің қазіргі өмірімізде өкінішке қарай қатігездікті, шарасыздықты, қолайсыз уайымдарды болдыратын жағдайлар көп болып отыр. Балалар өз айналасындағы адамдардың көңіл – күйін айқын танып біледі.

Сондықтан да ата – аналар баланың көзінше келеңсіз жағдайларды талқылау, апат және кісі өлімі жөнінде фильм көріп, басқалардың іс – әрекетіне өшпенділік таныту қажет емес. Жоғарыда айтылған көңіл толмау, наразылық балаға көрсететін жақсы үлгі емес және өскенде бумеранг болып балаңыздың орындауында болып қалуы ықтимал екенін ұмытпайық. Үлкендер балаларының өз әрекеттерін қайталауына, қарсылық көрсету позициясында және өзін қоршаған адамдар мен жағдайларды қабылдамайтынына таң қалмау керек. Егерде сіз, сіздің балаңыз қатігездікке бейім, мазақтағыш, төбелесқор және жануарларға аяушылықпен қарамаса, алдымен сіз өзіңізге төмендегідей сауалдар қойыңыз:

- Бұл қай кезде басталды?
- Агрессивтікті қалай танытады?
- Қандай жағдайларда агрессивті болады?
- Агрессивтіктің себебі не?
- Бала тәртібінде не өзгерді?
- Балаға не қажет?
- Сіз оған қалай көмектесе аласыз?

Агрессивтіктің себебі үнемі сыртқы болып келеді: отбасылық қолайсыздық, қалағаны болмау, қалау мен мүмкіншілік арасындағы айырмашылық. Сондықтан да бала агрессиясының себебін білу үшін, ішкі отбасы жағдайына сараптама жасаудан бастау керек. Бұл мәселені шешудің бастапқы қадамы болып табылады.

Балаңыздан агрессивтік тәртіп нышанын аңғарсаңыз, баламен төмендегі ойындарды ойнаңыз. Бұл ойынды отбасы ішінде немесе туыстар (аға, әпке) немесе балаңыздың достары қатысуымен де ойнауға болады.

Ең бастысы – өзіңіз ойында шынайылық танытыңыз, беріліп ойнау керек, сол уақытта бала сіздің шынайлығыңызды бағалайды және сезеді.

"Шаңды шығару"

(4 жастан бастап)

Әр қатынасушыға «шаң жастық» беріледі. Ол оны қолымен соғу арқылы шаңнан тазартуы керек.

"ТЫНЫШТЫҚ ЖӘНЕ «РҰҚСАТ» САҒАТЫ"

(4 жастан бастап)

Сіз шаршаған кезде демалғыңыз келетін сағаттарда үйде тыныштық сағаты болатынын баламен келісіп алу. Осы сағатта бала тыныш ойнап, сурет салып немесе құрастыруы керек. Бірақ сіздерде «рұқсат» сағаты болады, ол уақытта балаға жүгіруге, айғайлауға, секіруге, ата – ана құралдарын алуға және оларға қалауынша асылуға рұқсат етіледі.

Ескертпе:"Сағаттарды" кезектестіруге, әр түрлі күні өткізуге болады, ол отбасы үшін әдетті нәрсе болуы керек.

"ҚҰЛАП БАРА ЖАТҚАН МҰНАРА"

(5 жастан бастап)

Жастықтан биік мұнара жасалады. Әр қатынасушы мұнараны шабуыл жасап жеңіп алып, төмендегідей жеңіс сөздерін айту керек:

"А-а-а", "Алақай!" және т.б. Мұнараның қабырғасын бұзбай биіктікке шыққан ойыншы жеңімпаз атанады.

Ескертпе:

- Әр ойыншы өзі жеңіп шығатындай мұнараны биік қылып істей алады.
- Әр шабуылдан кейін «жанкүйерлер» « Жарайсың!» , «Тамаша!», «Жеңіс!» және т.б. қолдау және таңдану сөздерін айтып отырады.

Егер бала қолын сорса

Автор: Мерей - № 29 балабақша

27-03-2013 12:11



Егер бала қолын сорса

Бала тырнағын тістелесе? Бала қаламды ылғи аузына тартса? Бұл жерде инстинкті тәртіптің тұңғыық механизмі жатыр деп ғалымдар айтады. Біз баланы тырнағын тістеп, мұрнын шұқуға үйретпедік қой, солай ма? Жоқ, үйретпедік. Ендіше, бұл табиғатпен салынған тәрбие моделі. Маймылдың мұрнын шұқып, тырнағын тістеп, салбыраған жүнін жұлып өзін қалпына келтіреді, дәл сол сияқты бала да көне стереотип жетегінде.

Маймылдың миында өзін өзі күткен кезінде сүйсінушілік алғызатын арнайы механизм бар. Және бала да өзінің көне инстинктивтік әрекетінен жағымды эмоциялар алады. Ендіше, бала тырнағын тістемеу үшін (қалай болса да ол маймыл емес және өзін басқалай да қалпына келтіре алады), бұл әрекет баланың өміріндегі жалғыз сүйсінушілік алғызатын әрекет болмау керек.

Ғалымдардың айтуы бойынша мұндай балаларға қуаныш, қорғаныш, дербестік жетіспейді. Ал дене – бұл қуаныш, әр қашан қасыңнан табылатын. Міне осылай бала өзін өзі ермек қылады, қолын сорып, мұрнын шұқып, орындықта шайқалып қайда барса да осындай әрекеттер жасап, басқаға көңіл бөлмейді.



Демалу туралы

Сөз дыбысы құрылуының қайнар көзі – мұрын, ауыз қуысы немесе тамақпен жұтқыншақ арқылы өкпеден шығатын жіңішке ағыс болып табылады.

Интонация бейнелілік пен сөздің бірқалпын, екпінді ашық сақталуы сөздің қаттылығын бір қалыпты сүйеніші үшін шарттарын жасайды да, дұрыс сөйлеу демалысы бір қалыпты дыбыс шығуын қамтамасыз етеді.

Сөйлеу демінің бұзулуы әр-түрлі жүрек тамырлары ауруларының ортақ әлсірегендік салдарынан болуы мүмкін.

Ауаның жұтуы мен шығуы әлсіз болған сәбилер, ақырын сөйлейді де, ұзын салалы сөздердің ауыздан шығуы қиын болады. Ауаның тиімсіз шығуынан сөйлеудің бірқалпы бұзылады, сондықтан балалар салалы сөздің ортасында қосымша ауаны жұтуға мәжбүр болады. Жиі сондай балалар сөздерді ақырына дейін айтпай, салалы сөздің аяғында оларды ақырын айтылуы сирек кездеседі. Анда-санда ұзын салалы сөзді аяқтау үшін, олар ауаны жұтып сөйлеуге мәжбүр болады, сондықтан сөйлеулері тұншығып, ашық емес, сіңір тартылумен болады. Кеспелтек ауа шығуы логикалық екпіндерді сақтамай, салалы сөздерді шапшаңдықпен айтуға мәжбүр етеді.

Көңіл аударыңыз!

Жаттығуларды ауасы тазартылған бөлмеде немесе далада (жылы мезгілде) орындаңыз.

Ауаны мұрын арқылы жұтып, иықтарыңды көтермеңдер.

Бала ауаны шығарған кезде жақтарын ауамен толтырмауын бақылау керек. (Егер олай болса, ересек адам бармақтарымен ұстауы мүмкін.)

Ауа шығуы ұзақ, байсалды болу керек.

Бала бар күшімен (ауаны жай шығарып қоймай) жел соққаны маңызды. Ауаның жіңішке ағысы жіңішке және суық болу керек.

Егер ауаның жіңішке ағысы жылы, шаршағанқы болып, [X]-ке ұқсас дыбысы естілсе, онда бала дұрыс емес жел соғады.

Ынталапкетпеңіз! 3-5 қайталауы қанағат. Дүркін-дүркін демалу жаттығуларын орындалуынан бастың айналуы мүмкін.

Әр жаттығудан кейін балаға демалуға беріңіз.

Демалу жаттығуларын үздіксіз орындалуы тымау ауруларының тууын ескертеді!

Допты айдап кіргізу.

Еріндерінді түтіктей созып, үстелде жатқан мақталы түйіршікке бар күшімен жел соқ та, тырысып қақпалардың ішіне (екі қарындаш арасына) айдап кіргізу керек.

Фокус

1.«Шыны аяқты» жаса (тілдің бүйір аймақтарын үстінгі ерінге қысып, ортасында науаша қалады).

2.Мұрынның ұшына кішкентай тілім мақта сал.

3.Мұрын арқылы дем ал.

4.Үстіне қарай ұшу үшін, мақтаға ауыз арқылы қатты үрле.

Бақ-бақ

Бақ-баққа жел соқты, сарафан жалпылдады.

Еріндерінді алға түтіктей созып, және жіпке байланған мақталы түйіршікке ұзақ жел соғыңыз.

Қылауды жел соғып түсір.

Қар, қар айналады,

Барлық көше ақ!

Барлығымыз үйірге жиналып,

Қар сияқты айналып кеттік.

Күл де, тілінді азырақ шығарып, оның кең аймағын астыңғы ерінге сал.

Мұрын арқылы ауаны жұтып, Ф-Ф-Ф деп ұзын айт, «қылауды» алақаннан – мақталы түйіршікті жел соқ. Үш-төрт рет қайталап, жақтар ауаға толып кетпеуін бақылау керек. (Бастысы, бала [Х]-ға емес, [Ф]-қа ұқсас дыбысты айту тиіс, өйткені ауаның жіңішке ағысы шаршағанқы емес жіңішке болу керек).

Зырылдауық

Балалар зырылдауыққа жел соғады

Өте керемет ойыншық!

Айланады, айналады,

Балаларға өте ұнайды

Ұзақ «ФУУУУУУ» деген дыбыс үйлестігін айту.

Отбасылық тәрбие – бала денсаулығын қалыптастырудың негізі.

Автор: Мерей - № 29 балабақша

24-10-2013 13:56



Отбасылық тәрбие – бала денсаулығын қалыптастырудың негізі.

Дұрыс тәрбиелеу – бала денсаулығын қалыптастыруды құрайтын маңыздылардың бірі. Баланың физикалық денсаулығымен қоса, дұрыс тамақтану және санитарно – гигиеналық дағдыларды ұстану, отбасындағы психологиялық қарым – қатынас өте маңызды: ата –аналар мен балалар бір – біріне ықпал етеді.

Осы қарым – қатынас арқылыбізді адам ететін құндылықтардың берілуі іске асады: уайымдау, сүю, өзін және басқа адамды түсіну, өзінің қияңқы импульстерін бақылай алу және өзіне, қоршаған ортаға зиян келтірмеу, қойылған мақсаттарға жету және өзінің және өзгенің өмірін құрметтеу.

Осы рухани құндылықтар үлкендер мен балалар өміріндегі жағдайларды бірге уайымдау, оның мағынасын түсіну, ең алдымен отбасы жағдайында көрінуі мүмкін. Рухани жылылық және ата – аналардың ақ көңілділігі, сондай –ақ олардың бір қалыпты бақылауы балаларға жағымды ықпал етеді.

Отбасы тәрбиесімен айналысатын мамандар отбасы тәрбиесінің бірнеше түрін анықтайды, оларды қолдану жағымсыз салдарға жиі әкеліп соқпайды:

- **Эмоциональды жиіркену**(балалық шағында ата – ана махаббатынан айырылған аналарда, егер баланы қаламаған болса, ата – аналардың ішімдікке бейім болғанда);
- **Гипоопека**(эмоциональды жиіркенумен байланысты болуы мүмкін) Ананың өштесуі ашық немесе жасырын (ана уақытынан емшектен айырады, өте ерте жұмысқа шығады немесе басқа). Гипоопека нұсқасы - перфекционизм, балаға үнемі сен ол емессін деп айту(мысалға, қыз балаға – егер сен ұл болсаң, басқаша болар еді). Бала өзің кінәлі сезіне бастайды.
- **Гипопротекция**– бұл тәрбиенің кемшілігі, оның ішінде жасырын. Баланы тамақтандыруды, жуындыруды, киіндіруді ұмытып кетеді. Балада өзінің бұрышы, кітаптары, ойыншықтары және т.б. жоқ болуы.
- **Гиперопека**–ата – аналардың шектен тыс қамқоры, әсіресе әке жағынан.
- **Отбасындағы қайшылықты тәрбие.** Бұл балада қулық, айлакерліктің дамуына әкеліп соғады. «Тәрбие үлгілерінің ауысуы» термині бар.
- **Балаға деген қатал қатынас.**
- Мектепке дейінгі балаларға арналған артикуляциялық гимнастика



- Мектепке дейінгі балаларға арналған артикуляциялық гимнастика
-
- Адамда дыбыстарды айту қабілеттілігі туған кезден бастап бар. Одан әрі балалар дыбыстар мен сөздерді қосуды үйренеді. Егер де сөздерді анық айтуда қиындық болса, ол қиындықты артикуляциялық гимнастика шешіге көмектеседі. Баламен артикуляциялық гимнастиканы қалай жүргізу және оның маңызы туралы кейінірек айтамыз.
- Артикуляциялық гимнастика дегеніміз не және не үшін керек?

- Артикуляциялық гимнастика аспап, ерін, тіл және мимикалық бұлшық еттер қосылатын баламен жүргізілетін сабақты айтамыз. Артикуляциялық гимнастиканы жүргізудің басты мақсаты баланы артикуляциялық аппарат ағзаларын дұрыс қимылдатуға үйрету болып табылады. Ұзақ сабақтардың қорытындысы дыбыстарды анық айту болып табылады. Артикуляциялық гимнастика баланы кейін жазу дағдыларына үйренудіңде үлкен орын алады.
- Артикуляциялық гимнастика түрлері:
- Артикуляциялық гимнастиканы шартты түрде былай бөлуге болады:
- активті, бала барлық тапсырманы өз бетімен орындағанда;
- пассивті, балаға қимылдарды дұрыс орындауға үлкен кісі көмектеседі.
- Егер бала артикуляциялық аппарат ағзаларымен қажетті қимылдарды дұрыс орындай алмаса, оған көмектесу керек. Оны шпатель, таза саусақ немесе қасықпен ерін мен тілді дұрыс қалыпқа қою арқылы жасауға болады.
- Жаттығулардың өзі екі түрге бөлінеді: статистикалық және динамикалық. Динамикалық тапсырмаларда қимылдар барлық орындалу уақыты кезінде іске аасды. Статистикалық ерін немесе тілді белгілі бір қалыпта 10-15 секунд ұстап тұруды қамтиды.
- Артикуляциялық гимнастика кішкентай балалар үшін.
- Сәбиге дыбыстарды игеруде көмекті оның өмірінің алғашқы айларынан бастап бере алады. Серуенге немесе баламен сөйлескенде, ана балаға мимика арқылы дыбыстардың айырмашылығын көрсететін қарапайым жаттығуларды жасау керек. Мысалы, жануарлардың қандай дыбыстар шығаратындарын айтуға болады. Ері мен тіл қатысатын әр түрлі ойындарды ойанау, мысалы, сіз баламен үрмелі аспапта ойнап отырсыз, сол арқылы сіз ерінді труба секілді көрсетесіз.
- Сабақ ойын түрінде 3-4 жасқа дейінгі балалармен өткізіледі, ол баланың дыбыстарды қалай айтуына байланысты. Ал егер де балада 4 жастан кейін сөйлеуі анық болмаса, онда баланы логопедке көрсету керек.
- Балалармен артикуляциялық гимнастиканы жүргізудің кемшіліктері.
- Артикуляциялық гимнастиканы жүргізудің басты талабы жүйелілік. Сабақ күн сайын жүргізілу керек.
- Жаттығуларға көшпес бұрын, ең алдымен міндетті түрде балалармен ерінге арналған жаттығулар жасау керек. Жаттығулар 15 минуттан аспау керек. Бір күн ішінде бірнеше әр түрлі жаттығулар орындалу керек.
- Сабақ барысында бала отырған қалыпта болу керек. Бұл оған денесін түзеуге, аяқ бұлшық еттерін бос ұстауға және де артикуляциялық органдарға толығымен назарын аударады. Бала үлкен кісінің мимикасы мен артикуляциясын нақты көру керек. Сонымен қатар ол тапсырманы орындау кезінде өз ерні мен тілін көру керек. Ол үшін қол айнасын пайдалануға немесе сабақты үлкен айна алдында өткізуге болады.

- Барлық жаттығуларды балаларға жалықпас үшін ойын түрінде жеткізген дұрыс. Бала жаттығуды бірінші реттен дұрыс жасамауы мүмкін, сондықтан шыдамды болу керек.
- Балаларға арналған артикуляциялық гимнастика бойынша жаттығулар. «Қызу өлшегіш». Балаға аузын кең ашып «Ыстық» деп айтуын сұраңыз, ал сосын еріндерін кішкене жауып «суық» деп айтқызыңыз.
- «Тізімізді тазалаймыз». Бала, ерінің күлген секілді жасап, тілімен төменгі тістерінің ішкі жағынан, сосын үстіңгі тістерін тазалағандай қимылдар жасату.



- Балабақшадағы Мейірімділік сабақтары
- Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің педагогы өз тәрбиеленушілеріне ең бастысы қоршағандарға деген дұрыс қарым-қатынас пен ықыласын сіңіру қажет. Тәрбеші баланы шыдамды әрі көмекке дайын болуды үйретеді. Басқаша айтқанда, мейірімділіктің алғашқы сабақтарын меңгертеді. Адамның бойындағы дәл осы қасиет әр заманда жоғары бағаланды. Әсіресе, қазіргі таңда адам баласына қажет қасиет.
- Ойланыңыз, сіздің балаңыз мінсіз. Бірнеше музыкалық аспапта ойнайды, өлең жазады, спортта жетістікке жеткен, алайда балаңызға қайырымдылық пен жанашырлық ұғымдары жат. Демек, бала тәрбиесінде тыс қалған дүниелер баршылық.
- Негізі «мейірімділік» ұғымы әр қилы. Мейірімділіктің мәнісі – басқаның қайғысына ортақ болу, біреуге жан ашу. Жаңа заман балаларында бұл қасиет бар ма деп бір рет болсын ойландыңыз ба? Бар, бірақ көбінде емес. Мүмкін балақайлардың әр түрлі отбасыларда тәрбиеленетіндіктен болар, өйткені әр үйдің сыры басқа. Баланың

барынша мейірімді болуы ең алдымен отбасыға тікелей байланысты. Отбасы мүшелері өздері жүрекжарды болу қажет. Бұл мәселе мектепке дейінгі жаста балабақша мен отбасының тығыз байланысы арқылы да шешімін таба алады.

- Менің тобымның жұмысы осы бағалы қасиетті тәрбиелеуге мақсатталған. Тәрбиелеу процесін құрғанда әр педагог өз тәжірибесін барынша қолданып, сабақтарына жаңалық енгізуге тырысады. Біздің балабақшада өз жұмысын әріптестерімен бөлісетін жақсы тәжірибеміз бар. Бұл біздің ортақ жұмысымыз – мейірімді бала тәрбиелеуге көмектеседі.
- Балада өзгеге ортақтасу қабілетін тәрбиелеу оңай іс емес. Бұл педагогтың ұзақ әрі тынбас еңбегін талап етеді. Бұл бағыттағы жұмыс түрі балабақшаағы барлық білім беру мерзімі периодында жалғасады. Тәрбиеші әрдайым тәрбиеленушіні басқа баланың жан дүниесіне үңіліп, «өзгелерді ренжітпе», «біреу жыласа, оны жұбат» дегендей өзгеге назар аудартады. Біздер де бала күнімізде бұл сөздерді жиі еститінбіз. Бұл ережелер біздің тәрбиеміздің негізіне айналды, сондықтан балаларымызға да осыны үйретуіміз керек.
- Танып білуге қызығушылық сөнбес үшін бала тәрбиесіндегі ойын сәті аса маңызды. Осыны ескере отыра, педагогтар қауымы әңгіме жүргізіп, ақындардың жақсылық пен жамандық жайлы өлеңдерімен таныстырамыз. Танымдық сабақтарда «Жамандықты жақсылықпен жең», «Жақсы істер жасауды үйрен», «Жолдасыңды құрметте» т.б. арқылы адамгершілік қасиеттерді бекітеміз. Тәжірибе көрсеткендей, жақсы нәтиже алу үшін осындай сабақтар жиі әрі сапалы өткізілу керек.
- Мейірімді бала тәрбиелеудегі педагогтың бірінші әрі негізгі ережесі: бала мінезінде қалыптасқан не қалыптаса бастаған жақсыға сүйене отыра, аталмыш қасиетті тек мейірімділікпен тәрбиелеу.
- Балаларға арналған әдемі суреттерге толы кітаптарды оқып, ондағы кейіпкердің мінезі мен іс-әрекетіне баланың назарын аударту, бұл жайлы баланың пікірін тыңдау – бірден-бір көмек. Баланың қандай ой түйіп, қандай қорытынды жасағанын білу өте маңызды. Тәжірибеге сүйенсек, мұндай сабақтар тұлғаның маңызды қасиетін қалыптастыруға ықпал етеді. Өсіп келе жатқан баланың бойында адамгершілік қасиетерді қалыптастыру тек балабақша қызметкерлерінің міндеті деген кейбір ата-аналардың ойы дұрыс емес. Бұл күрделі процесс – педагогтар мен отбасы мүшелерінің біріккен жұмысы. Тек бірлесіп айтарлықтай нәтижеге жетуге болады.



Табиғат ананы аялайық!

Адамдардың өздері өмір сүретін қоршаған ортаға неліктен немқұрайлы қарайтынына жиі толғанам. Қазіргі өмір ағымында бұл жайлы ойлануға уақыт жоқ дерміз, дегенмен табиғатқа деген немқұрайлы көзқарас жақсылыққа әкелмейді. Болашақ ұрпаққа бізден кейін не қалмақ? Экологтар дабыл қағуда!

Гүлдері құлпырған алаң, сарқыраған мөлдір бұлақ, өзен, көлдер, тізілген ақ қайыңдар табиғаттың нағыз ғажайыптары деп түсіндірем мен. Неткен керемет! Өзімнің тәрбиеленушілеріммен әрдайым осы жайлы сөйлесемін. 2014 жылы олар 1-сыныпқа қадам басады. Мектепке қандай біліммен барады. Біздің сабақтарымыз бен саяхаттарымыздан не алады?

Қоршаған ортамен танысу, экология сабақтары – менің ең сүйікті тақырыптарым болып табылады. Бұл сабақтардың мақсаты – ең алдымен балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, бейнелеу арқылы қоршаған орта сұлулығын аша білу, тіршілік иелеріне деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу, бақылау нәтижелерін сараптау, табиғат заңдылықтары мен табиғаттағы өзара байланыс жайлы өздігінше қорытынды жасауға үйрету.

Ең бастысы, аталмыш мақсаттар сюжетті-рөлдік, дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асырылады. Өз тәжірибеме сүйенсем, осындай қызықты ойындар арқылы балалардың бойында қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, жанашырлық сезімдері қалыптасады.

Тәрбиеленушілерімнің өлең шумақтарымен берілген тапсырманы тез әрі тереңінен меңгеретіндерін ескере отырып, өзімнің «поэтикалық» мүмкіндіктерімді пайдаланып, материалды өлең түрінде түсіндіруге тырысамын.

Өсімдіктер туралы сабақта:

Құлпырады қызыл гүлдер

Сен оны бірақ жұлма.

Алақанда солып қалар

Қара дағы, содан ойлан!

Сөздерімнің тәрбиеленушілеріме жетіп, олардың назарын аудартатынын көремін. Адам баласы құлпырған әсем гүлді жұлғанда жер бетінен жойылып бара жатқан өсімдікті құртқанын түсінбесе керек, онсыз да 25 мыңға жуық өсімдіктер сирек кездесетін немесе мүлдем жойылу қауіп-қатерінде тұр. Сіз жинаған гүл шоқтары да үйіңздегі құмыраға жетпей солып қалар, ендеше, орман мен дала сұлулығын жоюдың қажеті неде?

Өлең шумақтарынан кейін балалар әрдайым өткізген жаз мезгіліндегі әсерлерімен бөліседі. Орманға, тоғайға, саябаққа шыққан саяхаттарын, түстер мен хош иістің, дыбыстардың алуан түрлігіне толы демалыстарды еске алады. Қалың шөптің арасында жасырылып өрмекші, көбелек, шегіртке, ұлу сияқты тіршілік иелерін бақылауға болады. Тек бақылауға ғана, бөгет жасауға емес!

Сабақ барысында алған білімдерін бекіту мақсатында сабақ танымдық ойынға көшеді. Табиғатта барлығы бір-бірімен байланысты, жәндіктер жоғалса құстар да болмайды. Табиғаттың берер байлығы мол.

Табиғат аясында алау жандырғанда ағаштар мен бұталар зиян шегетінін балалар өте жақсы біледі. Одан да жапырақтары сылдырлап, біздерді қуанта берсін. Алауды тұтату үшін құрғаған орман жаңғақтары мен кепкен шыбықтар жеткілікті. Міндетті түрде отты сөндіріп кетуді ұмытпау керек.

Ағаштарды сен кеспе,

Бұталарды сындырма,

Демалуға келерсің,

Көлеңкені іздерсің.

Өзен, көл, бұлақ – өмірдің қайнар көзі. Сусыз тіршілік жоқ. Су қоймаларын ластамау керек

Нұр шуағын төккен күн

Сылдырлап аққан бұлақтар

Бұлбұл құстар сайраған

Осының біл қадірін!

Табиғат-анамызға, нұрын төккен күнге, ну орманға бізге сыйлаған жылулық, қуаныш, қонақжайлық үшін мың алғыс айтындар, сонда ғана сіздің және балаңыздың жүрегінде табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімі пайда болады. Өйткені, табиғатты сүю және оны қорғау – біздің ортақ ісіміз.



«Қазіргі заманға сай баланың тіл дамуы»

Баланы туғаннан бастап көптеген дыбыстар қоршайды: ересектердің сөйлеуі, жапырақтардың қозғалуы, құстардың үні, сылдырмақтың дыбысы, радио, теледидар және т.б. Бірақ бала әзірше оларды тек қана тыңдайды. Жеке сөздерді айтып және оларды түсінудің алдында, бала тек айтылу интонациясына назар аударады.

Кішкентай баланың тілі оны қоршап жатқан ересектердің әңгімесінен қалыптасады. Әңгімелесу барысында баланың танымдық және заттық әрекеті байқалады.

Баланың тілі неғұрлым бай және дұрыс болса, соғұрлым оған өз ойын айту оңай болады: оның танымдық дамуы арта түседі, ересектер мен балалармен оның қарым-қатынасы мазмұнды және анық болады, баланың психикалық дамуы тезірек қалыптасады.

Баланың тілі дамуы үшін санамақтар, жаңылтпаштар, ребустар, жұмбақтар өлең-тақпақтарды пайдалану керек. Баланың тілін театралды ойындарды қатыстырып дамытуға да болады. Балалар оларды өте жақсы көреді. Олар ойынға бірден кірісіп кетеді: қуыршақтардың сұрақтарына жауап береді, олардың тапсырмаларын орындайды, кеңестер береді, кез келген образға еніп кетеді.



Тақырыбы: Баланың ақыл – ой дамуындағы ойынның алатын орны.

“Ойынсыз толық ой-өрісінің дамуы жоқ және болуы мүмкін емес. Ойын – бұл өте үлкен жарық тере, сол арқылы балаланың рухани дүниесіне түсініктердің енуі. Ойынсыз толық ақыл – ой дамуының болуы мүмкін емес. Ойын – бұл үлкен жарық тере, сол арқылы баланың мәдени әлеміне ұғымдар мен түсініктер легі енеді. Ойын – еңбексүйгіштік пен ынталылықты жағатын сәуле.”

В.А. Сухомлинский.

Мектепке дейінгі жаста кішкентай баланың өмірінде ойын маңызды орын алады. Балаларда ойын қажеттілігі мектептегі бірінші жылдары да сақталады және маңызды орын алады. Ойында шынайы өмір көріністері, уақытпен, аумақтан көрсетілмейді. Балалар – бүгінгі мен келешекті құрушылар. Ойынның кереметтілігі осында. Әр қоғам дамуының кезеңіне балалар халықпен бірге өмір сүреді. Бірақ та қоршаған орта балаға басқаша көрінеді, үлкендерге қарағанда. Бала – «Жаңашыл», ол үшін бәрі жаңалыққа толы.

Ойында балаға үлкендерге бұрыннан таныс жайларды жаңалық ретінде көрсетеді. Балалар ойында ойнаудан басқа өзгеше ойларды ойламайды.

“Ойын, бұл өсіп келе жатқан бала ағзасының қажеттілігі. Ойында баланың физикалық күші дамиды, қолы қатаяды, көзі өткір, жинақылық, тапқырлық, қасиеттері дамиды», – деп танымал кеңес педагогі Н.К.Крупская жазған. Ол сонымен қатар ойын кезінде әсерлермен, көріністердің кеңею, балалардың өмірге енуі, ойынның шындықпен, өмірмен байланысын көрсетті.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ойын маңызды орын алады: ойын олар үшін – сабақ, ойын олар үшін – еңбек, ойын олар үшін – тәрбиелеудің қатал түрі. Ойын мектеп жасына дейінгі балалар үшін – қоршаған ортаны танудың тәсілі.

Мектептегі балалардың ойынға деген қажеттілігі мен ойынауға деген тілектерін белгілі бір білім тапсырмаларын шешу мақсатына қарай бағыттау керек. Ойын егерде толық педагогикалық үрдіске қосылатын болса, онда ол тәрбиелеу құралы болып табылады. Ойын арқылы, ойынды балалар өмірінде ұйымдастыра отыра тәрбиеші бала тұлғасының жан – жақты дамуына әсер етеді: сезіміне, танымына, еркіне және тәртібіне толықтай.

Ойын барысында бала жаңа білім, білік, дағдыны меңгереді. Қабылдау, назар, ес, ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналаған ойындар толықтай мектепке дейінгі жастағы баланың ақыл ой-өрісінің дамуына бағытталған. Ақыл ой-өрісін тәрбиелеу және интеллекті дамытуда математика ерекше орын алады. Қазіргі таңда, компьютер кезеңінде «Әр адам математик бола алмайды» деген ұғым, көзқарас ескірді.

Бүгін, ал келешекте тіптен математика әр түрлі мамандық иелерінің көп бөлігіне қажет болады. Математикада балаларды ерте жастан оқыту үрдісінде ойлауын дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер еңгізілген.



Бала және компьютер

Бала біржарым жасқа келгеннен бастап оған ақпарат беруге болады. Бала әлі кішкентай сол себепті ол қарапайым ойындарды да орындай алмайды. Оған пернетақтаны басу арқылы экранда ауысатын суреттер бар ойынды қосуға болады. Сіздер бұның бәрі не үшін деп ойлайсыздар. Бірақ бұл баланың қол моторикасын дамытады. Бұл ойыншықты алып жай лақтырып сыныпқалғанын көру емес, пернені басып экрандағы суреттің ауысуын бақылайды. Осы жаста баламен бірге компьютерден суреттер көруге болады. Осы суреттердің көмегімен бала қоршаған ортаның элементтерімен танысады. Иә сіздер балаға компьютер зиянды дейсіздер, бірақ осы жастағы балалар теледидар алдынан шықпадығой. Компьютер алдында да, теледидар алдында да балаға ұзақ уақыт отыруға болмайды.

Үш жасқа келген балалармен компьютерлік ойындарды таныстыруға болады. Ойындарды жасап шығаратындар балаларға ойлау қабілеттерін, сөйлеу қабілеттерін арттыратын ойындар жасайды. Ойын барысында бала әдеттегі жағдайларды жаңа кейіпте көреді, ойланады, өзі алға басып орындайды.

Бала компьютердегі суреттер мен гейіпкерлердің жалған екенін түсінеді. Жасы ұлғайған сайын баланың ойындары да күрделене түседі. Суреттердің орнына кестелер, схемалар, сөздер шығады. Ойын барысында бала логикалық ойлау қабілеттерін арттырады.

Ойын барысында балалар өз кейіпкерлерінің аттарын жаттайды, сызба бойынша тапсырмаларды орындайды. Сөйтіп баланың жадына сақтау қабілеттері артады. Алдын ала ойлау дағдылары қалыптасады.

Ата-аналардың көбі көмпыютерлік ойындарға қарсы. Иә, егер бала күні бойы көмпыютердің үстінен түспесе, бұл сұмдық. Егер балаға дұрыс ойындар таңдап, белгілі уақыт мерзімін берсе, бұл балаға көп көмек болады. Көмпыютерлік ойындар барысында баланың қол моторикасы дамыйды, олар пернелерді басып, экрандағы ауысқан суреттерді бақылайды.

Көмпыютерлік ойындар баланың ойын, ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Баланы психологиялық мектепке баруға дайындайды.



Халық педагогикасы-балабақшада

Үйелмен-бала үшін алтын бесік. Халық педагогикасы бойынша бала тәрбиесі мен оның барлық адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы негізінен от басында жүзеге асады. Сондықтан балалардың болашағы үйелмендегі өзара

қарым-қатынасқа, ата-аналарының тіршілігі мен еңбек етуіне тікелей байланысты болады. себебі бала өзінің өн бойына үйелмендегі естіп-көрген жақсы мен жаманның бәрін сіңіріп отырады, ата-аналардың жағымды, жағымсыз қылықтарына еліктейді. Халық-педагогикасы деген не? Ол- даналыққа толы мақал-мәтелдер. Ол-түн ұйқысын төрт бөлген ананың ыстық махаббатқа толы әлдиі балдырғанның балдай тіліне оралған тәтті тақпағы, думаны мол ойын баласының өлеңдері. Халқымыз бала психологиясының қалыптасуына ойын әрекеті де елеулі роль атқаратындығын жақсы аңғарған. Ойында бөбектің ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қаблеті өсіп, мінез-құлқы қалыптаса түседі. Бала ойынының түрі де мазмұны да сан алуан. Ойын үстінде бала достыққа, жолдастыққа, тапқырлыққа, іскерлікке, адамгершілікке баулынады. Бала табиғатынан қимыл-қозғалысқа құмар, ойын-балалық шақтың басты ерекшелігі. Мысалы «Баланың істегені білінбес», «Баламен ойнама шаршарсың», «Қыз-қуыршақ, ұл-құлыншақ», «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді» деген мақал-мәтелдерде баланың ойынға аса құмар келетіндігі, ұл мен қыздың ойыны да түрліше болатындығы, ойын арқылы баланың сана-сезімі, кәсіп таңдауы, ақыл-ойы өсіп жетілетіндігі көрсетілген.

Бала тәрбиесіне байланысты үйелмен мен балабақша арасындағы жұмыстарда орын алған кемшіліктерден арылу үшін 3 міндетті белгілеп сол бағытта жұмыс жүргізу.

1. Бала тамағының түрлілігі мен нәрлілігін, тазалықты басты назарда ұстай отырып дене тәрбиесі сабағының сапасын көтеру, қимыл-қозғалысты ұлттық ойындарды үйретуді басты назарда ұстау, сол арқылы дені саудың-ділі сау, ділі саудың-тілі сау дегендей-қоғамға пайда келтіре алатын, оның дамуына, нығаюына өз үлестерін қоса алатын денсаулығы мықты адам тәрбиелеу.
2. Тіл дамыту сабақтарының сапасын, берілу методикасын жетілдіре отырып, ана сүтімен берілетін ана тілін дұрыс меңгерту. Бала қиялын, ақыл-ойын жетілдіретін қазақ ертегілері мен жұмбақ, жаңылтпаштар үйретуді басты назарда ұстау. Сол арқылы бала бойына ұлтының қадір-қасиетін, әдет-ғұрпын біліп өсудің бастауын қалыптастыру.
3. Эстетикалық және экологиялық тәрбиенің сапасын көтеру. Балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасын басшылыққа ала отырып халық педагогикасы негізінде бүлдіршіндерге еңбек, адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде үйелмен мен балабақша арасындағы байланысты ынтымақтастыра отырып ізгелендіру.

Бала-бақыт, бала-нұр, бала-тыныс, бала-жыр. Ана сүтімен берілетін ана тілін дамытудағы ата-ананың, тәрбиешінің білім мен біліктілігі өте

қажет. Қазіргі экологиялық жағдайымыз қарама-қайшылыққа кездескен кезеңде дені сау, ділі сау, бала тәрбиелеу, басқа тілге деген құрмет, ұлттар достығы рухында тәрбиелеудің мақсаты мен міндеті жан-жақты айтылады.

Ата – аналар үшін ереже

1. Таңертен балаңызды жуындрып,
Таза,ыңғайлы,әдемі,тартымды киіндіріп.
Балабақшаға ертіп келіңіз.
Егер де бала ұқыпты киінген болса,
Онда оған да,үлкендерге де сүйкімді болады.
2. Егер де сіздің балаңызды денсаулығы нашарласа ,
Жедел түрде дәрігерді шақырыңыз.
Мұндай жағдайда ұмытпай,
Біздерге ауырғаны жөнінде хабарлаңыз.
3. Үшінші ережені есте сақтауыңызды сұраймыз
Құрметті аналар,әкелер және балалар
Таңертен өтінеміз,ұзақ ұйықтамаңыз.
Таңертенгі жаттығудан кешігіп қалмаңыз.
Бізге балабақшаға тездетіп жетіңіз,
Бұл пайдалы екенін айтуға рұқсат етіңіз.
4. Кешкісін уақытыңызды бос өткізіп алмай,
Балаңызды уақытылы,кешікпей алып кетіңіз.
Егер де балаңыз сабырлы және көңілді болса,
Сіз балаңызмен бірге өте бақытты сезінесіз.

Аналар мен әкелер!

Татулыққа шақырамыз.
Бірігіп балаларды өсірейік,тәрбиелейік.
Егер де сізде,
бізге сұрағыңыз туындаса,
Біз сіздерді көруге қуаныштымыз!
Қошеметпен күтеміз!